



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР ГАЗЕТІ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№35

(867)

3 қыркүйек

2021 жыл

БІЛІМ

СОҒЫЛДЫ ОФФЛАЙН ҚОҢЫРАУ!

ЕЛІМІЗДЕ
7 471
МЕКТЕП БАР

ШЫМКЕНТ
ҚАЛАСЫНДА
ЖАҢА **20**
МЕКТЕП
АШЫЛДЫ

ОҚУШЫ
САНЫ –
3,4
МЛН

ПАВЛОДАР
ОБЛЫСЫНДА
6 МЕКТЕП
ЖАҢА ОҚУ
ЖЫЛЫНА
ДАЙЫН
ЕМЕС

АҚМОЛА
ОБЛЫСЫ ҚОСШЫ
ҚАЛАСЫНДАҒЫ №2
МЕКТЕПКЕ **600** БАЛА
1-СЫНЫПҚА БАРДЫ.
МҰНДА «А»-ДАН «Ы»-ҒА
ДЕЙІН **26** СЫНЫП
АШЫЛДЫ

АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНДА
30 МЫҢ БАЛА
АЛҒАШ РЕТ МЕКТЕП
ТАБАЛДЫРЫҒЫН
АТТАДЫ

КЕСЕЛ

АРЫСТАН САБАҚ АЛҒАНДА



Байзақтағы жарылыс он бес адамның өмірін жалмап, бірнеше жанның жарақат алғаны, нәшелеген нысанды қиратқан қайғылы апат турасында айтылып та, жазылып та жатыр. Біз осыдан екі жыл бұрын Арыста осындай әскери қойма жарылғанда абыр-сабыр болып, аласапыран күй кешіп едік. Уақыт өмші төнге түскен де, жаңға жабысқан да жараны жазып жіберді, бірақ...

(Жалғасы 3-бетте)

МІНБЕР

Егемен ел болғанымызға, етегімізді жинап, есімізді жинағанымызға 30 жыл болды. Отыз жылда Арыстағы әскери қоймада бір емес төрт мәрте жарылыс орын алды. Соңғы рет 2019 жылдың 24 маусымында адам өліміне әкеп соқтырған жарылыс бізге әлі сабақ болмапты. Араға екі жылды аунатып тағы да әскери қоймадан тұтанған өрт бір емес, бірнеше адамның өмірін жалмап кетті. Аңыраған ата-ана, боздаған бала, қан жұтқан жар, қайғы кемірген ағайын-жұрт қалды аңырап. Бәрінен де қаралы үйдің аза бойы қаза қазір. Әтемақы да, мың жылқыға жүк болар мақтау, марапат та адам өмірін қайтара ала ма? Салақтығымыздан осылай сорлап қалатынымыз қанша мәрте қайталанса да, сабақ алар түріміз жоқ.

Дархан МЫҢБАЙ, Мәжіліс депутаты:

ҚАЙДА СОЛ САЛЫНАДЫ ДЕГЕН БІР ЕМЕС, БІРНЕШЕ ҚОЙМА?



Ең алдымен шейіт болған жандардың Алла алдынан жарылқап, біліп, білмей істеген күнәларын кешірсін деп тілеймін. Екіншіден, Жамбыл облысында болған жарылыстан зарлап шеккен азаматтар тезірек сауығып, ортамызға оралса екен.

Өкінішке қарай, бұл келенсіздік біздің елде тағы та қайталанып, айналып соғып отыр. Екі жыл бұрын да Арыстағы жойқын жарылыстан кейін арнайы комиссия құрылды. Тексеріс жүргізіледі, жауапты тұлғалар тиісті жазасын алады делі. Мерзімі өткен оқ-дәрінің көзі жойылып, залалсыздандыру жұмысы жүреді делі. Сол жұмыстардың қаншалықты орындалғанын, тапсырманың тап-тұйнақтай болғанын бүгін, міне, Байзақтағы жарылыстан бағамдап отырмыз.

Мұндағы басты кемшілік – бізде мерзімі өткен оқ-дәрілердің көзін құртудың технологиясы атымен жоқ. Технология болса, иісі мүнкіген снарядтар тау-тау болып жеке адамның ауласында үйіліп жата ма? Әскери білім мен ғылымның бір ізге түсіп, жолға қойылмағанының көрінісі.

Қазақстанда он жерден арнайы қойма саламыз деген дардай жоспар да болған. Қайда сол салынады деген бір емес, бірнеше қойма? Бұқаралық ақпарат құралдарында әскери қоймалардың тұрғын үйлер мен нысандарға жақын салынғаны айтылып жатыр. Керісінше, тұрғын үйлер мен нысандарды салуға әкімдіктен жер бөлушілер әскери базаларға жақындатып сызып, қонсы етіп берген. Сондықтан да елді мекендер әскери бөлімдер секілді аса маңызды саналатын нысандарға такалып бой көтерген. Ендігіде ұлтарактай жер бөліп берерде де әскери базадан шалғай сызу керек. Келешекте бұл мәселені де жіті қадағалап, тереңіне бойлап қана шешім шығарған дұрыс. Қараусыздық, басымен кеткендіктен де жер бөліп беретін орындардың орашалақтығынан құрылыс жақын салынып жатыр. Мұнын барлығын зерттеп, зерделеп тоқтатамыз, жүйелейміз деген. Бірақ карантиндік шектеу шідер салды, пандемия пәрмен бермеді деп сылтау айтады құзырлы мекемелер.

(Жалғасы 3-бетте)

МЕРЕЙ

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУСІЗ

Токиода өтіп жатқан Паралимпиада ойындарында біздің спортшылар осы күнге дейін бес медальді қоржынға салды. «Өп» дегеннен алтын алған пауэрлифтер Давид Дегтярев басқаларға жол ашып бергендей. Одан кейін дзюдошылар Әнуар Сариев, Дәулет Теміржан және күміс медальді жеңіп алды. Ал Нұрдаулет Жұмағали 100 м қашықтыққа браспен жүзуде қола медальға қол жеткізді. Жеңіс құтты болсын!



Давид Дегтярев
Паралимпиада чемпионы

(Паралимпиадашылардың жетістігі туралы
8-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)
71,89



DOLLAR
426,08



EURO
505



РУБЛЬ
5,81



ЖОЛДАУ

Осы аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Палаталарының бірлескен отырысында «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауын жариялап, еліміздің алдағы даму стратегиясын айқындап берді.

Жолдаудың ықшамдалған нұсқасын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БІЗ ҮШІН ЕҢ МАҢЫЗДЫСЫ – ӘР АЗАМАТТЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ИГІЛІГІН СЕЗІНЕ АЛУЫ



Фото: akorda.kz

Экономикалық даму. «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламаларының мерзімін 2022 жылға ұластыру мақсатына кемінде бір триллион теңге бөлінеді.

Бюджеттің кірісін арттыру үшін шаралар қабылдау. Мемлекеттік шығыстардың ауқымын және оның тиімді жүзделуін бақылауда ұстау. Ұлттық қордың активтерін қалпына келтіру үшін бюджет ережесін енгізуді тездету. Бұған қажетті заңнамалық өзгерістер осы жылдың соңына дейін қабылдануы тиіс. Экономиканы әртараптандыру, өндірілетін тауарлардың түрін көбейтіп, экспорт географиясын кеңейту жөніндегі жұмысты жалғасады.

Орта мерзімдегі мақсат – 2025 жылға қарай өңдеу өнеркәсібінің экспортын 1,5 есеге көбейтіп, 24 миллиард долларға жеткізу. Еңбек өнімділігін 30 пайызға арттыру. Отандық өнеркәсіп үшін шикізат тауарларының бағасы қолжетімді, ал көлемі жеткілікті болуы керек. Сапалы геологиялық ақпараттың инвесторларға қолжетімділігін арттыру қажет. Осыған орай түрлі ведомстволарға бағынатын бытыранқы мекемелердің негізінде тиімді Ұлттық геология қызметін құру қажет. Бұл орган жер қойнауын кімге және қалай беруді шешетін монополисте айналмауға тиіс. Оның міндеті – инвесторларға кешенді қызмет көрсетіп, қолдау білдіру. Геологиялық ақпараттың ашық цифрлық мәліметтер базасын құрып, оны инвесторлар үшін қолжетімді ету.

Жер қойнауы – ұлттың байлығы. Оны пайдалануға беруді онаша кабинеттерде «бармақ басты, көз қыстымен» шешу заңсыз деп танылуға тиіс. Тиісті органдар бұл мәселе бойынша бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

Инфляция. Үкімет пен Ұлттық банктің басты міндеті – инфляцияны 4-6 пайыз деңгейіне қайтару. Жалпы сомасы 6,3 триллион теңге жұмсалған дағдарысқа қарсы шаралар жүзеге асырылғаннан кейін экономикамызда артық ақша пайда болды. Бірақ бөлінген қаржы әлі бармай жатқан сапалар бар. Екінші деңгейдегі банктер шағын жобаларға, әсіресе ауылға арнап ақша салмайды. Сондықтан микроқаржы ұйымдарының әлеуетін іске қосу керек. Біз мемлекет банкирлерге көмектеспеуге тиіс деген шешім қабылдадық.

Ауыл шаруашылығы. Өнім өндірушіден тұтынушыға дейінгі аралықтағы бағаның бөріне бірыңғай бақылау жасау. Ауа райының қолайсыздығы мал шаруашылығында түйткілді мәселелер бар екенін көрсетті. Жем-шөп дайындауға қажетті жер көлемін кеңейткен жөн. Егіс алқабына әр жылы әртүрлі дақыл егу талабын сақтау үшін тиісті бақылауды күшейту. Мал жаятын жерге шаруалардың

қолы жетпей жүр. Өйткені мұндай алқаптарды кейбір белгілі адамдар иеленіп алған. Әкімдер түрлі себептерді сылтауратып, ықпалды адамдардың ығына жығылып, бұл мәселені шеше алмай отыр. Үкімет құзырлы органдармен бірлесіп, осы ахуалды өзгертетін батыл шаралар қабылдауы тиіс. Субсидияны рәсімдеу тәртібі түсінікті әрі толығымен ашық болсын. Шағын және орта шаруашылықтар үшін субсидия толығымен қолжетімді болуы керек. Ауыл шаруашылығын субсидиялау саясатын өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік

жасалуы қажет. Облыс әкімдері спорт инфрақұрылымын салуды қамтамасыз етуі тиіс. Токио олимпиадасының қорытындысына байланысты спорттағы ахуалды бөлек кеңесте қарау қажеттігі туындады.

Білім. Ұстаздарды қолдау саясаты жалғасады. Құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр. Орта білім беру жүйесіндегі өткір проблеманың бірі – мектептердегі орын тапшылығы. 225 мың оқушыға орын жетіспейді. Шұғыл шара қабылданбаса, 2025 жылға қарай орын тапшылығы 1 миллионға жетеді. 2025 жылға дейін кемінде 800 мектеп салу туралы тапсырма берген едім. Бүгін оның санын бір мыңға жеткізуді міндеттеймін. Ғылым саласын гранттық қаржыландыру мерзімін бес жылға дейін ұзарту мәселесін қарастырған жөн.

Өңірлік саясат. «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» басты қағидасы – мемлекеттік аппарат азаматтар мүддесі үшін жұмыс істеу. Бұл бірінші кезекте жергілікті билікке қарата айтылып отыр. Түрлі деңгейдегі әкімдердің батыл әрі дербес қадам жасауға қабілеті жетпей жатады. Өңірлік саясатта әлеуметтік-экономикалық дамудағы теңсіздікті азайтуға айрықша мән беру керек. Әр аймаққа тән міндеттерді жалпыұлттық басымдықтармен дұрыс ұштастыру. Өңірлердің қаржылық дербестігін арттыру. 2020 жылдан бастап шағын және орта бизнестен түсетін корпоративті табыс салығы жергілікті бюджетке берілді.

Содан бері экономикалық белсенділік төмендегеніне қарамастан, жергілікті бюджеттердің түсімі жоспардағыдан 25 пайызға артық түсе бастады. Осы бағыттағы жұмысты жалғастыру керек.

Энергетика. Қазақстанда 2030 жылға қарай электр қуатының тапшылығы пайда болады. Мұның ең онтайлы шешімі – бейбіт атом. Бұл – күрделі мәселе. Сондықтан қауіпсіздікке сеніп, эмоцияға берілмей, оны барынша тиімді шешуіміз керек. Үкімет пен «Самұрық-Қазына» бір жылдың ішінде Қазақстанда қауіпсіз әрі экологиялық таза атом энергетикасын дамыту мүмкіндігін зерттеуге тиіс. «Жасы» сутегі өндірісі, жалпы сутегі энергетикасы – болашағы зор бағыттар.

Саяси жаңғыру. Соңғы екі жылда біз бұл салада бірқатар елеулі өзгеріс жасай алдық. Митинг өткізу үшін алдын ала ескерту қағидаты жазылған жаңа заң қабылданды, партиялардың Мәжіліске өту шегі 5 пайызға дейін төмендеді, сайлау бюллетендеріне «бөріне қарсымын» деген баған қосылды. Саяси реформалар жалғасады. Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын енгізу – аса маңызды қадам. 2024 жылы азаматтар пилоттық режимде аудан әкімдерін сайлау мүмкіндігіне ие болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін одан әрі жаңғыртудың маңызды факторы – азаматтық мәдениетті дамыту.

Құқық қорғау жүйесі. 2021 жылғы 1 шілдеден бастап әкімшілік әділет жүйесі жұмыс істей бастады. Бұл институт мемлекеттік аппарат пен азаматтардың өзара қарым-қатынасын жанадан қалыптастырады.

Прокурорлық қадағалаудың жеделдігі артты. Негізсіз шешімдердің 98 пайызы үш тәуліктің ішінде күшін жойды. Прокурорлардың айыптау актілерін дайындау жөніндегі құзыретін біртіндеп кеңейте беру. Бұл қадам олардың жауапкершілігін арттырып, тергеу нәтижелеріне құқықтық баға беру тетіктерін нығайтады. Өскекен ұрпақтың болашағына қауіп төндіретін тағы бір қатер – есірткі заттарының, соның ішінде синтетикалық есірткінің де таралуы. Құқық қорғау органдарына бұл қатердің азаматтар арасында, әсіресе жастардың ішінде таралуына барынша тосқауыл қоюды тапсырамын. Сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресті жалғастыру қажет. Құзырлы агенттік жыл соңына дейін орта мерзімді кезеңдегі іс-қимылымыздың бағдарламасын айқындайтын стратегиялық құжатты бекітуге ұсынуы керек.

Тіл мәселесі. Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді. Атазаң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі. Орыс тілі ресми тіл мәртебесіне ие. Біздің заңнамаға сөйкес, оның қолданылуын шектеуге болмайды. Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюы тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі.

Ұлттың ұйысуы. «Бірлігіміз – әралуандықта» деген басты қағидамыз ешқашан өзгермейді. Этносаралық қатынастардың үйлесімді дамуы Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты бағытының бірі болған, әрдайым солай болып қала береді.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев талай рет атап өткендей, этносаралық және конфессияаралық татулық – біздің баға жетпес байлығымыз. Мемлекетіміздің болашағы үшін біз ішкі тұрақтылық пен жалпыұлттық бірлігімізді сақтап, нығайтуға міндеттіміз.

Әлеуметі



МӘЖБҮРСІЗ МӘРТЕБЕ

– Менің паспортым жоқ. Мына қыз да паспорт ала алмай жатыр. Ертең анау Жұмабайым өседі. Жұма күні туған соң Жұмабай дейміз да. Негізі Павлик кой. Жұмабайымда да осындай проблема болады. Бар үмітім сіздерде. Басқа еш жакка бармаймын, бара алмаймын.

– Әйеліңізбен қалай таныстыңыз?
– Осы ауылдағы бір жолдас жігіт «Бозайда Светлана деген қыз бар деп айтты. «Қазақшаға судай» деді. «Әй, кой, маған ұқсап қазақша таза сөйлей ме?» дедім. «Иә. Таныстырамын, жүр барасың ба» деді. Сонымен «Жаппарқұлда жан бар ма?» деп таксимен жетіп бардым. Көрдім, бірден ұнатып қалдым. Машинамен түнде келдік, алып қаштық.

– Сіз нағыз қазақ екенсіз ғой.
– Көп адамдар айтады, «сен өз ана тілінді білесің бе» деп. Құдайға шүкір, *(сөйлегенде)* 5-6 орысынды шаршатамын» дедім.

Бұл – Сібірде дүниеге келген, оңтүстіктегі қалын қазақ арасында өскен Андрей Грибанов пен журналист Жазира Бегалы арасында өрбіген әңгіме. Андрейдің қызы Ярослава да қазақ және орыс тілдерін жетік меңгерген. Әлгі Жұмабай – Павел сөйлегенде тек күнгейдегілерге тән мақаммен «шілі» деген сөзді қосып қояды екен.

КТК телеарнасындағы «Дау-Дамайсыз» бағдарламасының араласуымен, жергілікті өкіметтің қолдауымен отбасы мүшелері еліміздің азаматы екенін растайтын құжатын алып жатыр. Отағасы айтқандай, олар басқа жұртқа барғысы келмейді. Осында тамыр жайғысы келеді. Елге, жерге деген ілтипағы ерекше. Содан шығар, Андрей жазатайым майып болғанда ауыл тұрғындары қомақты мөлшерде қаржы жинап, қол ұшын созыпты.

Андрей тамырдың оқиғасы кейбір мәсеулік хабар-ошар құралдарындағы «Қазақстанда қазақ тілін мәжбүрлеп үйретіп жатыр» дейтін не дәлелі, не дәйегі жоқ ақпараттық байбаламға нақты жауап. Өздерін «тіл сакшысы» етіп көрсеткісі келгендердің жалқы әрекетін де жалпы құбылыс деп көрсете алмайсың. Бұл тек сыныққа сылтау іздегенге, саусағын шүріппеге тақағысы кеп тұратын шовинистке табыла кеткен орай болды. Мәжбүрлеп тілдің мәртебесін көтеруді қолдаймыз. Өйткені өзге тілді үйрену үшін оған деген ынта-ықылас, ізет-құрмет, қажеттілік пен орта болуы тиіс. Бұл процесс, балкім, баяу боп көрінетін де шығар. Әйтеуір, өркениетті түрде жүзеге асып жатыр. Жоғарыда айтқан 17 жастағы Ярослава мен 11 жасар Павел – соның жарқын мысалы.

Біраз жыл бұрын қазақша меңгергенді ынталандыру сияқты оң үрдіс басталып еді. Соның арқасында талай тележүргізуші экран жұлдызына айналды. Олардың ізбасарлары пайда болды. Мемлекеттік тілді үйренгендерге үстемақы төлеу мәселесі де көтерілген. Осындай амал-тәсіл тіл мәртебесін өсіріп, оған деген сұранысты арттырған. Мұндай онтайлы да озық бастама жалғасын тапса, бірнеше тіл білетіндер қатары молаяр еді.


Тіл мәртебесін өсірудің тағы бір жолы, біздіңше, ресми құжаттардан бастап, мобильдік қосымша, билборд, маңдайша, жарнама мәтінінің қазақша нұсқасын дайындау. Әзірге, бұлардың дені – аударма. Оның өзі ақсақ. Содан болар, жарнамадағы «тірі су» дейтін тіркесті өзгелер былай тұрсын, қазақтың өзі де түсінбейді.

Срайыл СМАЙЫЛ



Вакциналау



	БІРІНШІ КОМПОНЕНТІН САЛДЫР-ҒАНДАР	ЕКІНШІ КОМПОНЕНТІН САЛДЫР-ҒАНДАР
1. НҰР-СҰЛТАН	401 051	330 938
2. АЛМАТЫ	865 532	730 901
3. ШЫМКЕНТ	426 919	359 479
4. АҚМОЛА ОБЛЫСЫ	258 860	209 777
5. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	282 862	223 832
6. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	670 967	546 510
7. АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	193 012	139 302
8. ШҚО	556 405	438 000
9. ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	363 043	280 564
10. БҚО	199 098	161 113
11. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫС	476 256	381 971
12. ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	296 116	242 276
13. ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	270 939	220 416
14. МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	138 886	101 826
15. ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	270 417	224 344
16. СҚО	224 054	194 398
17. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	735 541	580 142
БАРЛЫҒЫ	6 629 678	5 365 824

Дереккөзі: Денсаулық сақтау министрлігі (2 қыркүйектегі мәлімет)

Кесел

(Басы 1-бетте)

АРЫСТАН САБАҚ АЛҒАНДА



Арыстағы апаттан кейін жазаның құрығына ілінгендер айыбын арқалады. Мемлекет қазынасынан апаттан кейінгі Арыстың ажарын кіргізуге деп бөлінген қаражаттан қымқырып, жолынан жырып жымқырып қалғандардың жымымсық әрекеті әшкереленген соң көпшілік оларды ағаш атқа теріс мінгізіп, сондарына ит қосып қуды. Содан біз қорытынды шығардық па? «Бәрін оқтай етіп қатырамыз» деген уәде қайда? Катемізді түзеп, кем-кетігімізді бүтіндесек, Байзактағы оқ-дәрі қоймасы жарылмас па еді? Қоғамның өзегіне жемқорлықтың жегіқұрты әбден жонданып алғаны, міне, тағы да қылан берді.

Біз адам өмірін жалмаған Арыстағы апаттан сабақ алмаған екенбіз. Қазір енді «әскери қоймада жарылғыш заттар жоқ» деп айтты деген соң жақындадық» деген өрт сөндірушілердің намысын ойлағансып ұпайын түгендер де, қазаның үстінде қан жұтқан азалы үйдін адамдарын суретке түсіріп, әкесін жоқтаған баланың, бауырын жоғалтқан қарындастың жас жуған жүзін, бауыр еті баласы бейбіт күнде жұмысқа кебенек киіп кетіп, үйіне кебінмен сүйегі жеткізілгенін көргенде көкірегі қарыс айырылған әке мен ананың есінен танған сәтін жариялап, «қайғыны бөліскен» кейіп танытқандар да табылды. Азғынданғанмыз сондай, Байзакта болған жойқын жарылыстан қирғаған сауда орындарын, иесіз қалған үйлерді ұрылар тонап кеткен. Бұдан асқан сорақылық бар ма? Бүгінгі біз өмір сүретін қоғамда осындай жүрексіздер мен қансыздар да жер басып жүр өкініштісі.

Көршісінің қорасы өртенсе, сөндіруге септесейін деп емес, сойған қойының басын үйтіп алсам деп арам пиғылмен баратындардың құйқасы неге күйіп кетпейді екен деп күйінесін.

Арыстағы апаттан кейін де сөгіс алған, қызметінен айырылған, жаза арқалағандар болды. Байзактағы алапат жарылыстан кейін де талай айыпкер жазасын алар. Қорғаныс министрі де ауысты. Бірақ біз орасан қайғы жұтқызған қатерден сабақ алмасақ, бетін аулақ қылсын, әрине, бірақ араға уақыт салып тағы да қайталанбасына кім кепіл? Сонда кімнен көреміз? Жазықтыны шам алып іздейміз бе? Алтынан сомдап ескерткіш қойсақ та отын өшірмей, түтінін түтетіп отырған азаматынан айырылған әрбір үйдің шейіт кеткен боздақтарының орны толмасы анық. Ең әуелі қайғының кара тасы солардың арқасында тұр. Салмағы зілмауыр. Алла оларға сабыр берсін. Елдігімізді қорғап, тұтқа болатын әскери саланы тазалау жұмыстары әлдеқашан жүргізілуі тиіс еді. Салақтығымыз бен жауапсыздығымыз орны толмас қайғыға ұластырып отыр.

Қуаныш РАХМЕТ

ҚАЙДА СОЛ САЛЫНАДЫ ДЕГЕН БІР ЕМЕС, БІРНЕШЕ ҚОЙМА?

Мінбер

(Басы 1-бетте)

Әлемді жайлаған ауруды желеу етпей іске көшкенде, тәртіп орнап, жүйеленгенде, мүмкін мұндай апат тұтанбас еді.

Болашақта жерді бөліп бергенде, өздігінен меншіктеп алып үй салушыларға осы жағын баса ескертіп, ретке келтіріп отыру керек.

Түптеп келгенде, мұның барлығы да осы саладағы

денгейін көтеру керек. Әскери саланың әр тармағы биынша тиісті мамандарды даярлауды қолға алу шетін мәселе, көп күттірмей іске қосқан абзал. Оқ-дәрілерді сақтау, даярлау, қолдану, оларды жоюдың технологиясы бойынша мамандардың біліктілігін арттыру керек.

Отыз жылдың ішінде бір емес, бірнеше мәрте жарылыс болды. Арыстағы жағдайдан кейін



білімсіздіктің, біліксіздіктің өлшемі болып отыр. Білімді адам, білікті маман жауапкершіліктің салмағын сезінеді, түйсінеді. Қазір болары болып, бояуы сініп, апат орын алғаннан кейін біріне бірі сілтеп, жауапкершіліктен басын алып қашуға бейіл. Сен айыптысың деп кінә артудың реті жоқ. Сарапшылар да мұнда жемқорлықтың, диверсияның иісі аңқиды деп жатыр. Қайсысы болса да, ар жағында жауапкершілік тұрғанда мұндай оқиға орын алмас еді. Әскери тәртіп темірдей тәртіптің бастауы еді. Қазір әскери тәртіп түгілі, қарапайым ортадағы тәртіпті түзей алмай жүріп, аузымызды айға білейміз.

Мұндай апаттың алдын алып, келешекте болдырмас үшін, тағы да қайталап айтамын, әскери білімнің дәрежесін арттырып,

оқ-дәрі қоймалары мен әскери базаларді тексеріп, жұмысына қадағалау жүргізгенде жауапты тұлғалардың қызметін өзгертіп, өткел үстінде ат ауыстырып кеткендері де бар.

Әскери қызметкерлердің қай жағынан да жағдайы жасалуы керек. Әскер — мемлекеттің қорғаны. Өрт сөндірушілер де сондай. Олардың өмірінің қауіпсіздігі аса маңызды. Осыны естен шығармаған жөн. Ендігі жерде мұндай жарылыс болмас үшін, апат айналып соқпасын десек, әскери саланың білімі мен біліктілігін көтеруге баса мән беруіміз керек. Тексеріс, қатаң қадағалау, темірдей тәртіп орнағанда мұндай апат болмас еді.

Дархан МЫНБАЙ,
Мәжіліс депутаты

Түйткіл

Мен 2025 жылға дейін кемінде 800 мектеп салу туралы тапсырма берген болатынмын. Бүгін оның санын бір мыңға жеткізуді міндеттеймін».

Бұл Президент Касым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында айтылған өзекті мәселенің бірі. Мемлекет басшысы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар — ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында білім саласында өзекті мәселелердің онтайлы шешілуін ойластыруды ортаға салды.

Бүгінде Президент тілге тиек еткен дерек бойынша 225 мың балаға мектепте орын жетіспейтін болса, енді төрт жылда бұл сан өсіп 1 миллионға жететіні соқырға таяқ ұстатқандай басы ашық жайт. Қайтпек керек, айналдырған екі жүз адамның тек қыс мезгілінде ғана жаттығуына жарайтын спорттық кешен салған тиімді ме, әлде үш ауысыммен оқитын, бір мың балаға лайықталған мектепке үш мың бала кептелетін мәселені шешіп, білім ошағын салған дұрыс па бізге?

«Орта білім беру жүйесіндегі өткір проблеманың бірі – мектептердегі орын тапшылығы. 225 мың оқушыға орын жетіспейді. Шұғыл шара қабылдамасақ, 2025 жылға қарай орын тапшылығы 1 миллионға жетеді.

оқу орнында бүгін 600-ден астам бала мектеп табалдырығын аттады. Алфавит бойынша 1-сыныптың реттілігі «Ы» әрпіне дейін жетеді. Білім ордасындағы оқушы орындарының саны 1200 білім алушыға. Оқу процесі үш ауысымда жүргізіледі.

Дәл осы мәселені Мемлекет басшысы Касым-Жомарт Тоқаев өзінің бүгінгі Қазақстан халқына Жолдауында айтты. Президент атап өткендей, урбанизация мен демографияның өсуіне байланысты, 2025 жылға қарай оқушы орнының тапшылығы шамамен 1 миллион орынды құрайды. Мәселені шешу үшін биыл 200 жаңа мектепті пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Ал, 2025 жылға дейін біздің алдымызға әкімдіктермен бірлесе отырып, 1 мың мектеп салу бойынша міндет қойылды», — деп жазды. Ақмола облысының Қосшы қаласындағы мектептердегі оқушы орнының тапшылығы мәселесі қалай шешілмек? Министрдің айтуынша, жыл соңына дейін бұл жерде 2400 оқушыға арналған

әрі екі ауысымда жұмыс істейтін жаңа мектеп ашылады деп жоспарланыпты. Келесі жылы 2400 оқушыға арналған екі ауысымда жұмыс істейтін тағы бір мектеп ашылуы керек. Жалпы 2023 жылға дейін қалада тағы бірнеше мектеп салу жоспарда бар.

Кемертоғандағы оқушылар «кептелісі», Қосшыдағы алты жүз балдырғанның бірінші сыныпқа баруы тек бүгін ғана бұр жарған мәселе емес. Бұл — бірнеше жылдан бері қордаланып, түйіні тұйықталып келе жатқан шаруа. Білім және ғылым министрі Қосшыдағы мектептің ауласында тұрып, журналистерге сұхбат берді. «Биыл жыл біткенше 200 мектеп пайдалануға беріледі» деді министр.

Биыл Солтүстік Қазақстан облысында бірінші сыныпқа 8 мың бала барса, жалпы білім беретін мектепке 75 мыңнан астам оқушы қатынайды. Былтырғы жылмен салыстырғанда, көрсеткіш 2,5 мың балаға артқан. Осыған қарамастан,

МЕКТЕПКЕ БАЛА СЫЙМАЙДЫ



Қосшыдағы алғашқы қоңырау

Фото: inbusiness.kz

✚ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әйгерім ЕРМЕКБАЙҚЫЗЫ,
АТА-АНА:

«Мен төрт баланың анасымын. Екеуі мектепке барады. Үлкенім бесінші сыныпқа барса, екінші қызымыз биыл мектепке алғаш рет қадам басты. Бір оқушыны мектепке дайындау үшін 70 мың теңгедей қаржы жұмсалды. Тарқатып айтсам, мектеп формасы — ақ көйлек, юбка, көстем — 30 000 теңге. Онда да дүкеннен. Спорт киімі — 12 000 теңге. Ал кроссовкасы — 6500. Мектеп сөмкесі — 5500. Қалған ақша оқу-құралдарына кетті. Қазір жазу дәптерінің өзі 15-20 теңге аралығында. Осыдан бес жыл бұрын сол дәптер 2 теңге болатын. Әлі де алатын қосымша заттары бар. Құн суытса, киетін сыртқы киімдері әлі алынған жоқ. Былтыр баламызбен бірге онлайн оқыдық. Көп нәрсе түсініксіз болды. Ата-ана ретінде оқушылардың мектепке барып, оқығанын қалаймын. Қалай болғанда да, баланың назары оқуда болады».

Гүлден ӘБДІҒАЛИ, мұғалім:

«Мен өзім мұғаліммін. Үш баланың анасымын. Үш баламды мектепке дайындаудың өзі қалтама көдімгідей салмақ салды. Дегенмен оқушылардың мектепке бірдей форма киіп барғанын құптаймын. Егер біз оқушыларға мектепке киіп келетін киімдеріне еркіндік берсек, ертең неше түрлі киініп, оқушылар арасында бөліну басталады. Мысалы, жағдайы жақсы оқушының ата-анасы қымбат бренд киімдер кигізеді. Ал кейбір ата-ананың баласын олай киіндіруге жағдайы жоқ. Осы сынды мысалдар өте көп. Сондықтан оқушылар мектепте бірдей киінугі керек».

теріскейдегі кейбір ауылдарда мектептер жабылды. Нақтырақ айтсақ, Ақжар, Аққайың, Есіл, Қызылжар аудандарында — 1, Жамбыл ауданында 2 бастауыш мектептің есігіне құлып салынған. Ірі мегаполис, іргелі қалалардың түбіндегі ауылдарда урбанизация есебінен халық саны күн санап артып келеді. Бой көтерген бір үйдін мүшелері арасында міндетті түрде мектеп оқушысы болатыны белгілі. Ал кейбір өркениеттен тым алшақ, шалғайдағы шағын ауылдарда тіршіліктің тамыры суалуына байланысты ел үдере көшіп, мектеп те, мекеме де қаңырап бос қалып жатыр.

Айтпағымызға қайта оралайық, жыл сайын жаңа оқу жылының түрлілігін тамыз конференциясы түреді. Өткен жылғы жетістікті саралап, нәтижеге маркайып, түрлі мақтау-мадақтау айтылатын осы жиында мектеп жетіспеушілігі басты мәселе ретінде көтерілсе дейсін. Ертеректе маусым туа, тіпті мамырдың ортасын ала мамандар үй-үйді аралап, күзде мектеп табалдырығын аттайтын балалардың санағын жүргізетін. Қазір тіпті онай ғой, бәрін онлайн режимде атқаруға болады. Тамыз конференциясы кезінде мектеп жетіспейтін жерлердің мәселесін шешу жолдары қарастырылып, бала оқытатын қосымша мекемелерді тауып, дайындық жүргізсе, қордалы түйін сал де болса тарқатылар еді. Ал бізде бәрі керісінше, «ас ішерде...» деп бәрі тақаламаға таянғанда тыпырлаймыз.

Халықтың саны артқаны, оқушының қатары толыққаны жақсылықтың жаршысы. Көр де тұрыңыз, енді 2026-2027 жылдары мектеп табалдырығын аттайтын балардың саны бұдан да артады. Не үшін дейсіз бе, былтырғы жылғы пандемияның тұсаулап, карантиндік шектеудің жемісі басқа саланы қайдам, дәл осы демографияда жақсы нәтиже беріп отыр. Біз білетін Алматының өзінде биыл бала туу нәтижесі бұған дейінгі көрсеткіштен әлдеқайда артты.

Қуаныш КӨШЕК

Жасыл экономика

Бүгінде әлем елдері жаңартылатын энергия көздерін қолдануға көшкен. Біздің өліміз үшін де табиғи қуат көздеріне ойысып, жаңа заманәуи құрылғыларды пайдалану маңызды болып отыр. Иә, біздің жеріміздің асты да, үсті де байлыққа толы. Бірақ оның да сарқылатын, таусылатын көзі келетінін естен шығармауымыз қажет.

Елімізде баламалы энергияның үлесі 2030 жылы — 30 пайызға, 2050 жылы — 50 пайызға жетеді деген меже бар. Бұл жоспарды орындауға үшінші мегаполис әзірден қам жасауда. Қанша дегенмен, күнгейдің қысы жылы, жазы ыстық. Демек Шымкенттің күн энергиясын дамытуға әлеуеті зор деген сөз.

Бұл тұрғыда Шымшаһарда үш бірдей күн электр стансасы жұмыс істеп тұр. Соның бірі — осы жылдың ақпан айында қолданысқа берілген Айкөл тұрғын алабында орналасқан, қуаттылығы 20 МВт-ты құрайтын күн электр стансасы. Бұл — мегаполистегі үшінші күн электр стансасы. Аталған аумақтағы электр стансасы 50 гектар жерді алып жатыр. Жобаға шетелдік инвестор тартылған. Оның жалпы құны — 6,2 млрд теңгені құрайды.

Шымкент қаласы әкімдігінің энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысы Боранбай Болатбековтің айтуынша, жоба 2020 жылдың желтоқсан айында аяқталып, пайдалануға берілген. Нәтижесінде 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылып отыр. Станса 45 мыңға жуық тұрғынды электр қуатымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Күн электр стансасында өндірілген электр қуаты «КЕГОК» АҚ-ның қосалқы стансасы арқылы қалаға таратылуда.

Жалпы Шымкент қаласында жаңартылатын энергия көздерін дамыту жұмыстары еліміздің «Жасыл экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдамасына» сәйкес, жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді.

Мәселен, «Су ресурстары-Маркетинг» кәсіпорнымен Ақбай-Қарасу су жинақтаушы ғимаратында құны шамамен 230 млн \$ болатын геотермалды сорғы жабдыктары орнатылған. Соның нәтижесінде кәсіпорынның электр қуатын пайдалану шығыны 5 есе төмендеген. Сонымен қатар аталған су жинақтаушы мекемесінде сағатына 200 кВт электр қуатын өндіретін күн батареялары орнатылған.

Бұдан бөлек, көріз тазалау ғимаратында сағатына 2 мың кВт электр қуатын өндіретін кіші су электр стансасы мен газ және электр энергиясын өндіру мақсатында сағатына 400 кВт электр қуатын өндіретін Биогаз қондырғысы іске қосылған. Соның арқасында электр қуатын тұтыну көлемі 88 пайызға төмендеп, шайынды суларды тазалау қуаты тәулігіне 100 мың м³ — 150 мың м³ дейін өсті. Сонымен қатар бір жылда 67,3 млн теңге қаражат үнемделген.

Электр энергиясын өндіретін нысанның құрылысын әкімдік пен «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ қолдауымен ресейлік инвестор — «Хевел» компаниясы жүзеге асырды. «Хевел» компаниялар тобы 2009 жылы құрылған, Ресейдегі күн энергетикасы саласындағы ең ірі интеграцияланған компания. Еліміздегі жобаны іске асыру құқығы берілген «Hevel Kazakhstan (Хевел Казахстан)» ЖШС осы «Хевел» МК еншілес компаниясы.

«Хевел» ЖШС өкілі Алексей Давренко: «Нысанда 50 мыңға жуық күн модулі орнатылған. Электр стансасы күн модульдерінің тиімді бағдарын қамтамасыз ететін бақылау жүйелерімен жабдықталған. Осылайша, электр энергиясын өндіруде фотоэлектрлік жүйенің статикалық орналасуымен салыстырғанда 20-25 пайызға өседі. Біздің пайымдауымызша, электр энергиясының жылдық болжамды көлемі 37 млн кВт сағатын құрайды. Бұл 19,6 мың тоннадан астам атмосфераға көмірқышқыл газын шығармауға мүмкіндік береді», — дейді.

Жобада тиімділігі жоғары гетероқұрылымды екі жақты күн модульдері қолданылып жатыр. Өз кезегінде бұл электр энергиясын өндіруді 20 пайызға арттыруға мүмкіндік береді.

Алексей Давренко Қазақстандағы «Хевел» компаниялар тобы жобаларының жалпы көлемі 288 МВт құрайтынын айтады. «Бүгінде олардың бір бөлігі іске асырылды. Ақмола облысында ТМД елдерінің аумағындағы ең ірі күн электр стансаларының бірі — қуаттылығы

объектілерін орналастыру жоспарына» (24.02.2017 жылғы №68 бұйрық) сәйкес, облыста жалпы қуаты 107,25 МВт құрайтын 11 жобаны іске асыру енгізілген. Оның ішінде, 2021 жылға дейін жалпы қуаты 102,3 МВт болатын 10 жоба іске асырылған (жалпы инвестиция құны — 45 220,9 млн тг). Мақтарал ауданындағы қуаты 4,95 МВт болатын күн электр стансасын 2021 жылдың 4 тоқсанында іске қосу жоспарланған (жалпы инвестиция құны — 1 164,0 млн тг)», — дейді.



100 МВт құрайтын «Нұра» күн электр стансасы салынды, Алматы облысында «Қапшағай» және «Сарыбұлақ» күн электр стансалары жұмыс істеп жатыр. Ағымдағы жылдың басында Шымкенттегі қуаты 20 МВт құрайтын стансаны іске қостық. Сондай-ақ қуаты 50 МВт «Кентау» күн электр стансасы жұмыс істеп жатыр», — дейді ол.

Түркістан облысында ішкі көздерден электр энергиясын өндіруді ұлғайту мақсатында облыста баламалы қуат өндіру дамыту бойынша жұмыс жүргізілуде.



Түркістан облысы энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының электрмен жабдықтау бөлімінің басшысы Роза Сариева: «Энергетика министрлігінің «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану

Сондай-ақ энергетика министрлігі өткізген аукциондық сауда-саттықтың қорытындысы бойынша, облыста жалпы қуаты 207,0 МВт болатын 9 күн электр стансасын салу жоспарлануда. Қазіргі таңда, Кентау қаласында орналасқан жалпы қуаты 110 МВт



болатын 3 күн электр стансасының құрылысы аяқталып пайдалануға берілді (жалпы инвестиция құны — 33 700,0 млн тг). 2022 жылдың соңына дейін 6 күн электр стансасының құрылыс жұмыстарын аяқтап, пайдалануға беру жоспарлануда. Осы жылдың мамыр айында Отырар ауданы Шәуілдір ауылында «Arm Wind» ЖШС 100 гектар аумаққа 50 МВт күн электр стансасының құрылыс жұмысын бастады. Станса жұмысы басталуының салтанатты рәсіміне Италиядан арнайы келген делегация мен Түркістан облысы әкімінің орынбасары Мейіржан Мырзалиев қатысқан-ды.

декарбонизациялауға, яғни көмірқышқыл газын азайтуға өз үлесін қосады. Күн электр стансасының ең бір тиімділігі — ауаны ластамайды, экологиялық жағынан тиімді.

Жетісай ауданында қуаттылығы 14 МВт болатын күн электр стансасы салынуда. Күн сәулесінен баламалы қуат көзін өндіретін нысанның құрылысы наурыз айында басталып, биылғы жылдың соңында аяқталады деп жоспарлануда. «Күн электр стансасы салынған кезде бірінші кезекте Жетісай ауданының өзіне және Мақтарал, Келес аудандарын қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар», — дейді облыстық энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басқармасының мамандары.

Бүгінгі таңда күн энергиясы — баламалы қуат көздерінің ішіндегі болашағы зор сала. Сондықтан жаңа стансалар іске қосылғанда өңірдегі қуат көзіне деген қажеттілік көлемі де азаятын болады.

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

Өндіріс ҚМГ: ӨСІМ БАР, БІРАҚ БОСАҢСУҒА БОЛМАЙДЫ

Үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ түсімі 3,1 трлн теңгені құрады. Бұл өткен жылдың осындай кезеңіндегі көрсеткіштен 38,5 пайыз жоғары. Samruk Aqparat баспасөз орталығының алаңында өткен онлайн брифинг барысында ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасары Дәурен Қарабаев осылай деп мәлімдеді.

Оның айтуынша, мұнайға және мұнай өнімдеріне бағаның өсуі осы көрсеткішке оң ықпалын тигізді. Айталық, есепті кезеңде Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы барреліне 65 млн АҚШ доллары деңгейінде қалыптасып, өткен жылмен салыстырғанда 62,2 пайызға өсті.

Сонымен қатар қаңтар-маусым айларында компания 291 млрд теңге көлемінде бос ақша қаражатын жинақтады. Таза пайда 644 млрд теңгені құрады. Ал EBITDA көрсеткіші 1,1 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 92,6 пайыз жоғары. Осыған орай Дәурен Қарабаев: «EBITDA, таза пайда, бос ақша ағыны көрсеткіштері 2020 жылдың бірінші жартыжылдығымен, сондай-ақ 2019 жылғы пандемияға дейінгі тиісті кезеңмен салыстырғанда, анағұрлым жақсы деңгейде қалыптасты. Бұл 2020 жылы дағдарысқа қарсы бағдарламаның іске асырылуымен және операциялық, күрделі шығындардың қысқаруымен байланысты», — деді.

Оның мәліметінше, 2021 жылдың 1-ші жартыжылдығында шоғырланған жалпы және әкімшілік шығыстар 2020 жылдың осындай кезеңіне қарағанда 8 пайызға және 2019



жылдың 1-ші жартыжылдығындағы көрсеткіштен 26 пайызға төмен деңгейде қалыптасты. Бұл ретте абсолютті және салыстырмалы түрде ең көп қысқарған күрделі шығындар болды.

«Есепті кезеңде «ҚазМұнайГаз» бірлескен кәсіпорындарды санамағанда, ел қазынасына салық түрінде 300 млрд теңгеден астам қаржы төледі. Бұдан бөлек, компания өз

акционерлеріне 50 млрд теңге сома көлемінде дивиденд төледі», — деп атап өтті ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасары.

Д. Қарабаев «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы өндірістік және қаржылық көрсеткіштерді «пандемияға дейінгі» деңгейге жеткізу бойынша жұмысын жалғастырып жатқандығын алға тартты: — Өндірістік нәтижелеріміз «дағдарысқа дейінгі» көрсеткіштерден әлі төмен болса да, қазірдің өзінде компанияның қаржылық ахуалы едәуір жақсарғанын көруге болады. 2019 жылмен салыстырғанда, кейбір көрсеткіштер бойынша өсім бар. Дегенмен босансуға болмайды. Компания өз қызметін шығындарды барынша қысқарта отырып жалғастырады, — деп сөзін қорытындылады Д. Қарабаев.

(Өз тілшіміз)

Өндірістік көрсеткіштер	2021	2020	2019
	(қаңтар-маусым)	(қаңтар-маусым)	(қаңтар-маусым)
Мұнай өндіру (мың тонна)	10738	11345	11704
Газ өндіру (млн м³)	4 079	4 321	4160
Мұнай тасымалы (мың тонна)	36 949	37328	38949
Газ тасымалы (млн м³)	46411	45172	50078
Мұнай өңдеу (мың тонна)	9704	8290	9997

Дереккөзі: ҚМГ баспасөз қызметі

Пікір

Бала тәрбиесінде олардың бос уақытын тиімді өткізу мәселесін жиі айтамыз. Расында да, спорттық үйірмелер балалардың бос уақытын үйлестіріп қана қоймай, салауатты өмір салтына дағдыландырады. Биыл мемлекеттік спорттық тапсырыстың жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру жұмысы басталды.



Фото: almaty.tv/kz

Бұл — мемлекеттік деңгейде бала болашағына жасалған ең үлкен мүмкіндік. Әрбір баланың қалауы бойынша тегін, колжетімді, спорттық үйірмелердің іске қосылуы ұлт саулығына салынған есепсіз капитал деуге болады.

Мемлекеттік спорттық тапсырыстың жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесінде жазғы олимпиадалық спорттың

17 спорт түрі, қысқы олимпиадалық спорттың 4 спорт түрі, ұлттық спорттың бір ғана түрі (*қазақ күресі*), олимпиадалық емес спорттың 4 спорт түрі қосылып отыр. Бұдан бөлек, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған үйірмелер де өз қызметін бастап жатыр.

ҰЛТ САУЛЫҒЫНА БАРЛЫҒЫМЫЗ ЖАУАПТЫМЫЗ

Осыған дейін жергілікті жерлердегі спорт интернаттарында қазақ күресі жоқ, немесе сағаты аз, БЖСМ-де орын жоқ екенін алға тартып келдік, қазір жан басына қаржыландыру бойынша осы олқылықтардың орнын толтыруға мүмкіндіктер туып отыр. Ендеше, ұлттық

бизнестін жеке мүддесіне пайдалануына жол бермеу керек. Жергілікті жерлердегі спорттың шын жанашырлары мен сала мамандары осындай олқылықтардың алдын алуға атсалысады деп үміттенемін.

Жергілікті жерлерде спорттың қай түріндегі болмасын үйірмелердің тұрақты жұмыс жасауын қадағалау әр ата-ананың қолынан келетін іс. Сондай-ақ ұлттық спортты қолдап, оның әлемдік аренаға шығуына үлес қосамын десеңіз, өз аймағыңызда қазақ күресі секциясының ашылуына сұраныс жасаныздар.

Әрбіріңіздің балаңыз кәсіби спортшы болуға міндетті емес. Дегенмен ешқандай іс-қимылсыз телефонға телмірген баланы бір



Photo: el.kz

күрестің мамандарына іздену, осы кеңістіктегі қазақ күресінің орнын толтыру тапсырмасы түр деп білемін.

Қазіргі таңда елімізде artsport.edu.kz порталының ақпараты бойынша қазақ күресінен 20 үйірме 1 204 балаға есігін ашып отыр:

- Қызылорда облысы — 6 үйірме (224 орын);
- Түркістан облысы — 3 үйірме (200 орын);
- Ақтөбе облысы — 3 үйірме (200 орын);
- Алматы облысы — 2 үйірме (160 орын);
- Жамбыл облысы — 2 үйірме (150 орын);
- Нұр-Сұлтан қаласы — 2 үйірме (170 орын);
- Қостанай облысы — 1 үйірме (40 орын);
- Павлодар облысы — 1 үйірме (60 орын).

Бұл еліміздегі бала санына шаққанда теңіздегі тамшымен бірдей. Десе де, алғашқы қадамдар жасалып жатқаны қуантады.

Бір қынжылтатыны, мемлекеттік деңгейде жүзеге асып жатқан осы жобаның аясында үйірмені заң жүзінде ашып, тәжірибеде іске асырмай жатқан факторлар сирек болса да кездесіп жататыны бар. Балалардың спорттық үйірмеге қатысуына жасалған мүмкіндікті

мезгіл салауатты өмір салтына бөлу ата-ана үшін бұл — таптырмас мүмкіндік. Ұлт саулығына бәріміз жауаптымыз.

Бақдәулет СӘБИТОВ,
Қазақ күресі қауымдастығының спортты дамыту бойынша директоры

Мен жастарға сенемін

Елімізді өркендетіп, ұдайы алға бастыру үшін білікті маман, білімді басшы керек. Осы мақсатта Президенттік жастар кадрлық резерві жасақталған болатын. Бұл – жалынды жастарға өз қарым-қабілетін кәдеге жаратуға берілетін тамаша мүмкіндік. Осы резервке енуге ниет білдіргендер барлық сынақтан сүрінбей өтуі тиіс. Сондай жастың бірі – Олжас Сәкенов. Жас маман ақыл-ой мен білім шыңдалатын жарыстан қалай өткені туралы Jas qazaq газетіне айтып берді.

Jas qazaq: Олжас мырза, Президенттік жастар резервіне сынақ бірнеше кезеңнен тұрады. Сізге солардың қайсысы ерекше әсер қалдырды?

О.Сәкенов: Өздеріңіз білесіздер, сынақ бірнеше кезеңнен тұрды. Оның төртеуі онлайн режімде өтті. Ал соңғы екі кезеңде сарапшылармен бетпе-бет кездесіп, әңгімелестік. Бұл




«Президенттік жастар кадр резервінің негізгі көздеген мақсаты – мемлекеттік аппаратты жетілдіру және басшылардың жаңа буынына жол ашу. Бүгінгі жастар – мемлекеттік басқару жүйесінің болашағы. Әрқайсыңыздан елді дамытуға тың серпін беретін жаңа идея мен нәтижелі жұмыс күтеміз».

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

ЖАСТАР ҮШІН ЗОР МҮМКІНДІК

жерде жанашылдық бар. Жаңа буын қандай да бір жаңалықтың жаршысы емес пе? Бүгінде кадрлық резервке енген жастардың көбі жеке секторда, халықаралық компанияларда жұмыс істеп, тәжірибе жинақтаған. Кейбірі «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде білімін жетілдірген маман. Жастар үшін бағдарламаның пайдасы сол, өз идеямызды жүзеге асырып, алған білімімізді елдің дамуына қолдануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ



қуаныштымын. Өйткені резервке енген жастардың



— бұрын-соңды болмаған тәжірибе деп ойлаймын. Өйткені Мемлекеттік басқару академиясы, сондай-ақ Талантис, SHL деген дүниежүзіне мәлім компаниялардың жинаған әдістемесі қолданылды. Шынайы түрде бағалаудан өткеніміз анық. Бір минут ішінде сұраққа жауап беру де оңай емес. Оған да жан-жақты дайындық қажет. Осындай күрделі кезеңдерден сәтті өттім.

Jas qazaq: Бұл бағдарлама жастарға ең алдымен не береді деп ойлайсыз?

О.Сәкенов: Президенттік кадрлық резерв бағдарламасының мен үшін мәні ерекше. Өйткені бастама жастарға да, еліміздің ертеңі үшін де тиімді. Жастар бар

бағдарламаны «әлеуметтік лифт» деп қарастыруға болады. Жоғары лауазымға жету үшін мемлекеттік қызметте еңбек өтілі қажет. Ал кадрлық резерв арқылы бірден басқарушылық лауазымға тағайындалуға жағдай жасалған. Осы арқылы салаға қандай да бір өзгеріс енгізуге мүмкіндік туады.

Jas qazaq: Іріктеуден өтіп, резервке енген алғашқы кезеңнің жастары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездескен болатын. Кездесуден алған әсеріңізбен бөліссеніз?

О.Сәкенов: Мемлекет басшысымен кездесуде бұл жобаның бір реттік емес екенін түсіндім. Бұл — мемлекеттік қызметті өзгертетін жоба. Осындай өзгерістің болғанына

дені — өз саласы бойынша тың идеясы мен нақты жоспары барлар. Замандастарыма айтарым, қазір жастарға мүмкіндік көп. Сол мүмкіндікті жіберіп алмау қажет. Кез келген жобаға қатысып, біліктілік пен білімінді сынаудан қашпау керек. Өтпеген күннің өзінде мол тәжірибе жинақтайсын. Менің негізгі мамандығым — тарих және экономикалық құқық негіздері пәнінің мұғалімі. Бірақ бұған дейін түрлі салада қызмет еттім. Болашақта отандық экономика саласында қызмет еткім келеді. Осы саланы дамытатын тың идеяларды да жүзеге асырсам деймін.

Макпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Орайы келген сұхбат

Қазақтың қанына сіңген өнердің бірі – ақындық. Бір ауыз өлеңімен үлкен даудың түйінін шешкен тұлғалар аз емес-ті. Халық ақынды пір тұтып, төбесіне көтеретін. Ал қазір ше? Нағыз ақын қандай болуы керек? Біз Жамбыл облысының тумасы, белгілі айтыскер ақын Алтынкүл Қасымбекованы әңгімеге тарттық.

Jas qazaq: Қолына жанадан қалам ұстаған ақындар қалай шыңдалады? Түрлі жарыстар, ақындар мүшәйрасы жас ақындарға қаншалықты пайдалы?

А.Қасымбекова: Сөздің мән-мағынасын толығымен түсініп, өленнің үйлесімін меңгеріп, сөз қорын молайту, яғни көп оқу арқылы жетіледі. Мүшәйра — ақынның ақын боп қалыптасуына жол ашады, жеткен жетістігі алға ұмтылдырып, жаңа үміттер оятып, шыңдайды.

Jas qazaq: XX ғасырдағы ақындар мен осы күнгі ақындардың арасында не айырмашылық бар? Қандай ұқсастық бар?

А.Қасымбекова: XX ғасырдың ақындары ашық, бүкпесіз, таза айтысатын. Жаттандылық

Алтынкүл ҚАСЫМБЕКОВА:

АҚЫНДЫ ЕШКІМ ДЕ, ЕШТЕҢЕ ДЕ ТОҚТАТА АЛМАЙДЫ

аз, суырып салмалық пен өнерге деген адалдығы айқын көрінетін. Қазіргі айтыскер ақындарды да дағдай алмаймын, себебі «заманына қарай адамы» деген сөз бар. Қазір интернет заманы, барлық жаңалық уақытында жарияланып, тез хабар тарап жатады. Ересектер керек кітаптарын зорға тауып оқыса, қазіргілерге аяқ тоздырып, ел аралап ізденудің керекі жоқ, бәрі қолдарында, сол үшін үлкен дайындықпен шығады сахнаға. Айырмашылық осы ғана.

Jas qazaq: Қазір «ақын» атын жамылып, әркімді мақтап, жағымпазданатын кісілер де аз емес. Бағзы заманнан келе жатқан «Ақын» деген биік ұғымның дәрежесін түсіп кеткен жоқ па?

А.Қасымбекова: Мен біреуді жағымпаз не болмаса, турашыл деп баға беріп, жеке мөр басып айта алмаймын. Себебі тек ақындар ғана емес, сол ақындар үлгі ететін, жырлайтын, сөзіне арқау болатын тұлғалардың өзі сол жолмен нанын тауып, қызметте өсіп-өніп жүргендер.

Jas qazaq: Нағыз ақын қандай болуы керек және сол тізімге кімдерді кіргізер едіңіз?

А.Қасымбекова: Нағыз ақын — ақын деген атқа «сымақ» деген сөзді қостырмаған адам.

Jas qazaq: Қазақта «Барлық пәле тілден» деген сөз бар. Айтыс кезінде шындықты яки әділдікті айтамын деп бармақ тістеп қалған сәттер болды ма?

А.Қасымбекова: Әрине, тіпті айтысқа шығармай қойған кездері болды. Бірақ «құлақ естігенді көз көреді» дегенді, сөйлеп қалған ауыз, шыдамсыз шабыт бойында тұрғанда ешкім де, ештеңе де тоқтата алмайды ақындар. Өкінерінді біліп тұрып, айтып саласын.



Jas qazaq: Қазақ тіліне қатысты түйткілдер бар. Ақындар осы тіл өрісін кеңейтуге қалай дем бере алады, қалай көмектесе алады?

А.Қасымбекова: Қазақ тіліне кедергі — қазақтың өзі болып тұр. Ақындар қанша айтып, шырылдағанмен нәтижесі жоқ десем де болады. Себебі екпе алуға міндеттеген секілді тіл үйренуге міндеттесе, осы жағдайға жетпес едік. Немқұрайдылық, немкеттілік, «неғылар дейсің» іспетті көзқарас үстем болғанда, тілдің өсуінен ошуы жақын тұрады.

Jas qazaq: Түрлі басқосу мен тойларда, көбіне беташарда қасиетті кара домбырамен бет ашып жатып, түрлі әуенге салып, үлкенге де кішіге де әзілдеп жатады. Сіздіңше, осы дұрыс па?

А.Қасымбекова: Отырыс, беташар,

той болған соң, әзіл де, қалжың да болады. Әрине, орнымен сөйленіп жатса.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

**Сұхбаттасқан
Мәулен ЖЕКСЕНБІ**

Шағын және орта бизнес

Мемлекеттің кәсіпкерлікті қолдауы осы саланы дамытуда үлкен рөл атқарады. Бұған Алматыдағы шағын және орта бизнес кәсіпорындардың жұмысына қарап-ақ көз жеткізуге болады.

КӨМЕКТІҢ АРҚАСЫНДА КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙДІ

«Даму» қорының Алматы қаласы бойынша филиалы директорының орынбасары Жомарт Ермағанбет кәсіпкерлерге қол ұшын созу жұмысы қалайша жүзеге асырылатыны жайында әңгімелеп берді. Ол: «Бүгінде грант беру мәселесі толығымен әкімдікке беріліп, арнайы комиссия құрылған. Жеке кәсібін ашып, болмаса, бизнесіне мемлекет тарапынан қолдау алғысы келген кәсіпкер, ең алдымен, бизнес-жоспарын қорғайды. Жергілікті әкімдік болашақ кәсіпкердің жұмысымен танысқаннан кейін, шешім қабылдап, 5 миллион тенгеге дейінгі аралықта грант беру мүмкіндігін қарастырады. Егер де жоба мақұлданса, есепшотына арнайы бөлінген қаржы аударылады. Бөлінген қаржы кәсібін бастауға жете ме? Осыны жан-жақты зерттеп, мониторинг жүргіземіз. Біз сияқты филиалдардың басты мақсаты — «Бизнестің жол картасы» бойынша бөлінген салаларға қолдау көрсету. Пандемия кезінде біраз кәсіптің тұралап қалғанын білесіздер. Дегенмен оларға қолдау көрсету мақсатында несиені кейін шегеру немесе пайыздық үстемақысын азайту сынды жеңілдіктер қарастырылды», — дейді.

Айта кеткен жөн, пандемия кезінде алматылық кәсіпкерлер жәрдемсіз қалған жоқ. Үкіметтің жан-жақты қолдауының арқасында шағын және орта бизнес өкілдеріне несиені кейін шегеру, пайыздық үстемақыны тоқтату бойынша көмек көрсетілді.

ҚҰРЫЛҒЫСЫН ЖАҢАРТТЫ

Қаржылай қолдауға ие болған кәсіпорынның бірі — қала іргесінде орналасқан «Келет» өндірістік кәсіпорны. «Келет» өндірістік-коммерциялық кәсіпорны 1992 жылдан бастап жұмыс істейді. Бұл өндіріс орны елдегі жалпы өнеркәсіптік және тұрмыстық жабдықтар шығару саласында көшбасшы саналады. Компания сорғы, электр қозғалтқышы, жылыту және жылу жабдықтарын, бекіту-реттеу арматурасын шығарады. «Келет» өндірістік кәсіпорнының директоры Александр Папп былай деді: «Біздің кәсіпорын 1992 жылдан бастап жұмыс істейді. Елдегі жалпы өнеркәсіптік және тұрмыстық жабдықтар нарығының көшбасшысы боламыз. Компания сорғы, желдеткіш, электр қозғалтқыштары, компрессорлар, жылыту және жылу жабдықтарын, бекіту-реттеу арматурасын және басқа да тұрмысқа қажетті бұйымдар шығарады.



Компания сорғы, желдеткіш, электр қозғалтқыштары, компрессорлар, жылыту және жылу жабдықтарын, бекіту-реттеу арматурасын және басқа да тұрмысқа қажетті бұйымдар шығарады.

2020 жылы кәсіпорын жұмыс істеп тұрған өндірісті жаңғырту мақсатында банк арқылы жаңа жабдықтар сатып алуға 400 млн теңге қаржы алды. Жобаны «Даму» қоры «Бизнестің жол картасы — 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында қолдап, соның арқасында несие мөлшерлемесі жылына 14-тен 6 пайызға дейін төмендетілді». Кәсіпорын қордың қаржылай қолдау көрсетуі аясында жаңа құрылғылар сатып алған. Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Қарағанды қалаларында өкілдігі бар. Басқа қалаларда да сауда-саттық филиалдары бар. Бүгінде өндіріс орны 215 адамды жұмыспен қамтып отыр.

БАСТЫ ТАЛАП — САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ



Субсидия алған тағы бір нысан — «Сервис Казакстан» ЖШС. Бұл кәсіпорын теміржол тасымалында жолаушыға ұсынатын төсек жабындыларын тазартумен айналысады. 2017 жылы құрылған компания негізінен Алматы қаласы аумағында өнеркәсіптік мақсатта кір жуу және химиялық тазалау бойынша қызмет көрсетеді. 2020 жылы компания Jensen маркалы заманауи

өнеркәсіптік кір жуғыш машина сатып алу үшін банк арқылы 452,7 млн теңге несие алған. Несиені «Даму» қоры «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасының екінші бағыты аясында субсидиялап, қазір 14,5 пайыз несиені кәсіпорын 6 пайызбен төлейді. Айырмасын мемлекет өтейді. Аталған компанияның директоры Әлия Әбдіәлиева кәсіпорынның негізгі жұмысы туралы айтып берді. Ол: «Бізге жеткізілген кір бұйымдар алдымен матасына қарай іріктеледі. Іріктелген соң ретімен кір машинесіне салынады. Тәулігіне 10-15 тонна кір жуылады. Кір машинесіне салынған бұйымдар монитор арқылы қадағаланады. Жуылған кір дымқыл күйде кептіретін бөлімге барады. Кептірілген бұйым үтіктеліп, бүктеліп, қапталып қолдануға дайын күйге дейін дайындалады. Жұмыстың 70 пайызы автоматты. Кәсіпорында 120-дан астам адам қызмет етеді. Үш ауысымдық жұмыста 30 адамнан жұмыс істейді. Бүгінде карантин талаптары толығымен сақталған. Әр қызметкер белгіленген жұмыс орнында қызметін атқарады. Мысалы, бізде әр жұмыскердің өз орны бар. Бөлінген әр бөлімдегі қызметкерлер бір-бірінің жұмыс аумағына бара алмайды. Әр қызметкер өз орнында жұмыс істеуі толығымен реттеледі. Олардың өз функциясы бар», — деді. Кәсіпорындағы жұмыскерлердің орташа жалақысы — 100-120 мың теңге көлемінде. Үш ауысымдық жұмыс режимі болғандықтан, біз барған сәтте жұмыс қарқынды жүріп жатты. Өйткені тапсырыс бар жерде, сапалы қызмет те бар. Кәсіпорынның басты мақсаты да осы — сапалы қызмет көрсету.



Макпал НОҒАЙБАЕВА

Кәсібі – нәсібі

Бүгінгі таңдағы жаһандану кісілік болмыстан гөрі экономикалық қатынастарға ықпал ете бастады. Өйткені, қазіргі адамдар өзіне керекті тұрмыстық техника, көлік, құрал-жабдық, киім-кешек, тағы басқа да толып жатқан қажетті дүниені көп жағдайда базардан емес, интернет арқылы іздеуге ауысты. Дүниенің қай түкпірінде болса да өзіне керекті және ұнатқан тауарына кедергісіз қол жеткізе алады. Бұл үрдістен ешбір ел тыс қала алмайды. Сондықтан мемлекет ұлттық экономиканың өзгелерге тәуелділігінен қорғау үшін бар мүмкіндіктерді пайдаланып, шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландырып, тыңғылықты жұмыстарды атқарып келеді. Мұндағы бірден-бір себеп – кәсіпкерлерді қолдап, отандық өнімдердің әлемдік нарықтағы салмағын асыру.

Кәсіпкерліктен кемелді жол табу азаматтардың сауаттылығы мен іскерлігі, еңбек сүйіштігімен тікелей қатысты. Бүгінгі жастар техниканың тілін біледі,



инновациялық бағытта жұмыс істей алады. Қолға алған әр бастамасынан үлкен нәтиже шығаруға күш-қуаты жетерлік. Оған «Бизнестің жол картасы — 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында шағын және орта бизнесті өркендетуге ниеттеген жандарға берілетін қайтарымсыз гранттың да көп көмегі тиіп келеді. Алматы облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының ақпараты бойынша, биыл аталған басқарма «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы шеңберінде 222,0 млн теңге мемлекеттік грант беріпті. Оның ішінде жалпы санаттағы трансферттерден (ЖСТ) 72,0 млн теңге, республикалық бюджеттен 40,0 млн теңге, жергілікті бюджеттен 110,0 млн теңге бөлінді.

Аталған мемлекеттік грант 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1060 қаулыға сәйкес конкурстық негізде беріліп келеді. Биыл кәсіпкерлер арасында екі рет конкурс өтіп, оның бірінші кезеңі жас шектеуінсіз өткізілді. Оған кәсіпкерлерден 239 өтінім қабылданып, оның ішінде конкурстық комиссияның шешімімен 100 жоба үздік танылды. Оның ішінде халықтың әлеуметтік осал тобы санатындағы 25 кәсіпкерге 55,5 млн теңге сомасына қайтарымсыз грант берілді. Сондай-ақ жас кәсіпкерлер арасынан жеміспаз атанған 28 жобаға 60,0 млн теңге бұйырды. Қалғаны кәсібін дөңгелетіп жүрген басқа азаматтардың еншісіне тиді. Нәтижесінде, биыл 391 жаңа жұмыс орны құрылып, екі қолға бір күрек таппай жүрген талай адамға нәпақа табуға мүмкіндік туды. Әсіресе, арманы бар да дәрмені болмай жүрген жас кәсіпкерлердің бизнес саласында жол табуына септігін тигізді.

Жалпы конкурсқа ұсынылатын жобаның инновациялық құндылығы болуы шарт. Ол үшін кәсібін ашып, нәсібін арттырамын деген әрбір үміткер ең алдымен мына сауалдарға жауап іздеуі тиіс: инновациялық жоба жергілікті жерде қолдау таба ма, жоқ па? Өндірген өнімінің базардағы сұранысы бар ма? Өзге де бәсекелестері алдында табан тіреп тұра ала ма?

Осылайша мемлекеттік қолдаудың игілігін көріп жүрген және сол мүмкіндікті ұтымды пайдаланып, кәсібін дөңгелетіп, жұртқа үлгі болған азаматтар жетерлік. Сол қатарда Талдықорған қаласында металл-пластик терезе жасаумен айналысатын, ерекше іскерлігімен көш бастап келе жатқан ағайынды-інлі азаматтарды айрықша атауға болады. Ағайынды Жанат пен Асхат Шыныбековтер жастығына қарамай, жақсы ісмен қалалықтарға толық таныс. Олар бұл кәсіпті орта мектеп қабырғасында менгере бастапты:

Жанат Қалибекұлы: «Біздің бұл кәсіпке кірісуімізге әкеміз Қалибек Шыныбековтің ықпалы болды. Орта


мектеп қабырғасында жүргенде, әкеміз өзіміз тұрып жатқан үйге жапсарлай шеберхана құрып, қарапайым құрылғылармен алғашқы пластик терезелерді жасаумен айналыса бастады. Ол кезде сұраныс тым көп болмағанымен, әкеміздің жұмыса жауапкершілікпен қарайтын мінезін жақсы білетін тұтынушыларды ауламыздан жиі кездестіретінбіз. Сосын бос уақытымызда біз де әкемізге көмектесіп жүріп, терезеге керекті материалдарды өлшеу, кесу, жапсыру сияқты жұмыстарды менгере бастадық. Жыл өткен сайын табысымыз да еселене түсті. Бұл кәсіп күнделікті жұмысымызға айналды. Алғаш әкемізді



жағалап жұмыс істей бастағанда, ол кісі «пайда қуып, басқаның сенімінен айырылсандар, жоламай-ақ қойындар» деп ескертті. Сондықтан осы күнге дейін қолға алған әр жұмысымыздың сапасына қатаң қарайтын болдық. Табысқа жетуіміздің түп-тамыры да осында», — дейді.

Бала күннен жұбы жазылмаған ағайынды жігіттер әлі де отбасылық кәсіпті бірге жүргізіп келеді. Олар тәжірибесі толығып, біліктілігі артып, терезе жасаудың сан түрлі шеберлігін, тұтынушылармен жұмыс істеудің жолын менгеріп алғаннан кейін жұмыс көлемін ұлғайтты. Тапсырыс көбейген сайын жаңа техникаға деген сұраныс та туындалы. Сондықтан тапқан табысының бір бөлігін тұрмыстық қажеттілікке жұмсаса, қалған бөлігіне жаңа техникаларды шетінен сатып алып, цехты ұлғайтып, тұтынушылардың көңілінен шығатын сапалы дүние жасауға тырысты.

Бұл турасында Асхат Қалибекұлы бұй



делі: «Жасыратыны жоқ, алғаш жұмыс бастағанда табысымыз көбейе түссе деген жанталастың болғаны анық. Ол кезде осы кең бөлмеде бірнеше ғана қарапайым құрылғы тұратын. Жұмысымыз жүріп, етек-жеңімізді жинағаннан кейін сапалы дүние жасап, жұрттың көңілінен шықсақ деген ұмтылыс пайда болды. Өйткені жыл өткен сайын жұрттың әлеуеті артып, сапалы дүниеге деген сұраныс туындалы. Осыған орай, біз де өзіміз тұрған қалалықтардың тұрмыс сапасына сай келетін, талғамынан шығатын терезелерді жасауға құлшыныс пайда болды. Басында бәрін қол күшімен жасаушы едік, енді техника істейтін жағдайға жеттік».

Бүгінде олардың цехында ине шаншар жер жоқ. Айналаның бөрі пластик терезе жасауға арналған құрылғылар. Бірі материалдарды өлшеуге, енді бірі кесуге, тағы бір желімдеуге, тағы сондай өндіріске керекті құрал-жабдықтар. Оның бірі Италиядан, енді бірі Ресейден алынса, қытайлық құрал-жабдықтар да бар. Қысқасы, әлемнің әр түкпірінен жинақталған озық аспаптар мен құрылғылар олардың цехында жинақталып, талдықорғандық тұтынушылар үшін қызмет етіп жатқандай елес берді.

«Жұмысымыз жүре бастаған соң Алматы, Астана, Шымкент сияқты ірі қалалар мен Түркия, тағы басқа шетелдердегі біз сияқты металл-пластик терезе өндірісімен айналысатын ірі кәсіпорындардың жұмысымен танысып шықтық. Жаңа үлгідегі, озық технологияларға қолдану керектігін сезіндік. Бірақ құрал-жабдық шетелде өндіріледі. Сатып алуға қалтан көтере бермейді. Сондықтан 2020 жылы Алматы облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының «Бизнестің жол

картасы-2025» бағдарламасы шеңберінде жариялаған жобалар байқауында бақ сынап көргіміз келді», — дейді шеберлер.

Сөйтіп, олар 4 миллион тенгеден астам қайтарымсыз грант алыпты. Ол қаржыға терезе өйнегін тазалап, жуатын Қытайда өндірілген «Сартер» маркалы құрылғыны сатып алды.

«Металл-пластик терезенің екі түрлі ерекшелігіне баса назар аудару керек. Бұл — терезе жақтауының ішіне салынатын сапалы металл мен екі жағы қапталатын өйнектердің тазалығы. Біз осыған дейін терезе өйнегін қолмен жуып, тазалап келдік. Қанша жерден таза жудық дегенмен де, ойдағыдай болмайтын.

Терезе қапталған соң оны қайта ашып, тазалай алмайсың. Тұтынушылардың көбі терезе өйнектерінің таза болмағындығы үшін шағымданып жатады. Жұмыс сапасын жақсарту мақсатында құны 11 млн теңге тұратын жаңа құрылғыны жеткіздік. Басында айтылғандай, оның 4 млн теңгесі мемлекеттік қолдаумен қайтарымсыз грант ретінде берілді. Ол үлкен көмек болды», — дейді.

Бүгінде Талдықорған қаласында металл-пластик терезе өндіретін бірнеше цех болғанымен, бірде-бірінде өйнек жуатын заманауи құрылғы жоқ еді. Жанат пен Асхат Шыныбековтер бірінші болып осы бір инновациялық жаңа технологияны талдықорғандықтарға ұсынды.

Бұл қадам олардың тағы бір жаңа цех ашуға түрткі болды. Өйткені терезе жақтауын жасайтын цехтағы бұрқыраған шаң мен тозаң жаңа құрылғымен жұмыс жасауға кедергі келтірді. Сонымен олар ең алғаш жұмыс бастаған цехты үлкейтіп, өйнек жуатын және қаптайтын, тағы да басқа осы бір жұмысты жүргізуге керекті құрылғыларды сол жерге көшіреді де, Асхат терезе жақтауын жасауға, ал Жанат өйнек жуу жұмысымен арнайы айналысады. Қазір Жанат менгеріп отырған цех қалалықтардың аяғы үзілмейтін жерге айналды. Күнделікті қажеттілігі үшін келетін тұтынушылардан сырт, осы күнге дейін пластик терезенің өйнегін қолмен жуатын әріптестері де тапсырыс беретін болған.

Бір биікке жеткен адамның алдынан тағы бір белестің бұлдырап көрінетіні анық.

— Басында біз кәсібімізді дөңгелетіп, қаржымызды көбейтсек деп ойлаушы едік. Енді ол екінші мәселеге айналды. Өткен жылдары Түркиядағы осы кәсіппен айналысатын кәсіпорындарды көріп, қызықтық. Қазір сол кезде көкейімізге түйіп қайтқан жоспарымызды жүзеге асыруға құлшынып жүрміз.

Талдықорғанға өйнек жуатын заманауи құрылғы орнаттық. Алматыға шапқылайтындар қазір бізге келеді. Жол шығынын бір үнемдесе, біздің бағамыз арзандау. Демек көпшілікке көмегіміз тиді деген сөз. Қазір қаладағы өйнек кесетін цехтар көп. Алайда олар тек төрт бұрышты өйнектерді ғана кесе алады. Енді түрлі пішінде өйнек кесетін құрылғының технологиясын енгізсек деп қамданып жүрміз. Ол құрылғыны әкелсек, қаладағы жиһаз жасайтын цехтардың бір күрделі мәселесі шешілер еді. Бірақ оның құны, Талдықорғанға жеткізіп, іске қосқанша кететін қосымша шығымдар тым қымбатқа түсіп тұр. Бұл тұрғыда тағы да мемлекеттік қолдау болса, нұр үстіне нұр болар еді, — деп базанысын да айтты.

Ағайынды жігіттердің осы жетістікке жетуіне адалдығы мен адамгершілігі көп демеу болып келеді. Өйткені қаладағы ең сапалы терезелерді осы жігіттер жасайды. Әрі бағасы да қалта көтереді. Бірнеше адамды тұрақты жұмыспен қамтып, өздерімен қоса, жерлестерін де жаңа мамандыққа тәрбиелеп келеді. Бұрындары олардың цехында жұмыс істеген азаматтар бүгінде өз алдына шағын цехтарын ашып, жұмыс жүргізе бастапты. Олардың да аяғынан нық тұруына қолдан келер көмегін аяған емес.

Халқымызда: «Жас келсе, іске» деген нақыл сөз бар. Оны осы жігіттердің жігерлі ісі дәлелдеп жатыр. Былай қарағанда, олардың ісі жай кәсіпкерлік болып сезілгенімен, шын мәнінде, қайнап жатқан тіріліктерге қарап, ел эконномикасы мен өркениетіне үлес қосып жатқанын айқын аңғарамыз. Себебі, олар өздері жасап жатқан қаланың тіршілігіне тыныс ашуда. Тағы бір жағынан, олардың жұмысына дем берген мемлекеттік грант екендігін де ескеруіміз керек. Арамызда кәсіп ашуға ұмтылып жүрген азаматтар көп. Ағайынды екеудің жетістігі оларға үлгі болады деп сенемін. Егер қаржылық жатқан қолдау тапқысы келгендер болса, «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы шеңберінде қайтарымсыз грант берілетін байқауларда бақ сынап көруге де болады.

Қажет АНДАС, Алматы облысы

Тарихи тұлғаларымыздың рухани құндылықтарын зерттеу, насихаттау - біз үшін парыз. Шығыстың ұлы ойшылы, философ, ғалым Әбу Насыр әл Фарабидің мәдени-рухани мұрасы әлемдік ғылым мен өркениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан анық. Ғалымның айтқан әрбір ойы немесе келтірген пікірі, талдаған сараптаулары қазіргі қоғамда қордаланған кейбір мәселелеріне дәл тиіп жатады. Уақыт оса да, әл Фараби мұрасы ортайған емес, қайта жылдар санап толысып келеді. Өзінің еңбектерінде Әбу Насыр әл Фараби адамгершілік, бақыт, ізгілік пен достық, пәлсафалық ойлар, өнер мен мемлекеттілік құрылымдар туралы көпелі пікірлерін ортаға сады. Соның ішінде бақыт идеясының әлеуметтік мәдени негіздерін көңірек қарастырады.

Әбу Насыр әл Фараби «Бақытқа жол сіттеу» атты трактатында «Адам шексіз бақыт туралы оның өз түсінігі ең дұрыс және ең ұлы немесе ең жетілген игілік деп сенеді» дей отыра, «адам бақытының шынына жету өзі үшін соған жетуі қалайтын адамнан оны игерудің әдісі мен амалын табуды талап етеді» және «артынан не мадақтауға немесе жазғыруға болатын жағдайлардың жиынтығы қосыла келгенде, ол адам бақытқа жетеді» деп тұжырымдайды.

Әл Фарабидің ойынша, «әрі мактауға және әрі жазғыруға соқтыратын мұндай жағдайлар» үшеу екен: бірінші — жеке адамның іс-әрекеті, мысалы, орнынан тұруы, жүру, отыруы, көруі, естуі, сөйлеу; екіншісі — жан дүниесі сезімдері, мысалы, құштарлық, ұнату, рахаттану, қуанышы, қорқынышы, күйінуі, ашулану, қызғанышы; үшіншісі — ақыл-парасаты.

Адам баласына қуаныш әкелетін қызықты оқиғалар — қомақты табысқа қол жеткізу, еңбегінің мадақталуы, алдына қойылған максаттардың іске асуы, отбасының қызығы. Адамның қуанышты сезімі жігеріне жігер қосады. Дегенмен бақыт пен қуаныш арасында аздап айырмашылық та бар. Қуаныш өткінші сияқты, жеке бір сәтке байланысты болса, бақыт — адамның бүкіл өмірінің негізгі арқауы. Өмірде адамгершілікке жатпайтын, әдептілік қағидаларына сыймайтын жалған қуаныштар болуы мүмкін. Қазіргі таңда бақытты өмір сүру негізі - өркениет құндылықтарымен тікелей байланысты.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын қалыптастырып, дамыту тарих сахнасындағы дара тұлғаларымызды дәріптеу біз үшін парыз. Осыны негізге ала отырып, бабаларымыздың ғылыми шығармаларын тәуелсіздік тұрғысынан сараптау уақыт еншісінде болмақ. Адам баласы, адамгершілік, бақыт, адамның кейбір қиыншылықтарға шыдай білуі, тұлға, басшы қай кезеңде болмасын ұлт зиялыларының еңбектерінің ең өзекті мәселелерінің бірі болған. Әбу Насыр әл Фараби өзінің «Бақытқа жол сілтеу» деген еңбегінде: «Бақыт — әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол белгісіз бір жетілу болып табылады. Мұны түсіндіріп жатудың өзі артық сөзді керек етпейді. Өйткені бұл мейлінше белгілі нәрсе», - дейді.

Адамзат бойында жақсы қасиеттері мен жаман қасиеттері қатар жүреді. Оның бойындағы қабілетін жаман және жақсы әрекеттерге бірдей қолдануға болады дей отырып, адамсүйгіштік, адалдық әрекеттер мен әділдік, шыншылдық қасиеттерге жоғары құрметпен қарау арқылы оның бойындағы қалыптасқан қабілетін керемет әрекеттер жасауға икемдеу болатындығын айтады.

Әл Фараби «Азаматтық саясат» деген трактатында: «Адам бақытты ешбір жағдайда басқа күш арқылы емес, тек теориялық ақыл-парасат күші арқылы ғана пайымдайды. Бұл адамға әрекетшіл ақыл-парасат беретін әуелгі бастамалар мен әуелгі білімдерді адам пайдаланып, пайымдағанда, сонан соң ол талпаныушы күш арқылы бақыт жолдарын іздегенде, практикалық ақыл-парасат күші арқылы бақытқа жету үшін ол не істеуі керек екенін ойластырғанда жасалады. Содан соң талпаныушы күш арқылы ойластыру жолымен біліп алған әрекеттерді жасайды. Қиялдаушы және түйсінуді күштер ақыл-парасат күшін әзірлейді және оған көмектеседі, алдамды бақытқа жету үшін жағдай жасайтын әрекеттерге бастайды. Міне, сонда адам игілікке ие болады. Сөйтіп ерлік күшіне негізделген игілікке қолы жетеді», - дейді.

«Қайсыбір салада нәтижеге жетуге қабілетті адамдар ондай қабілеті жоқ адамдардың басшысы болады. Бұл он нәтиже бермейді. Нәтижеге жетуге көбірек қабілеті бар адамдар нәтижеге жетуге қабілеті аз адамдарға басшы болса ғана қарамағындағыларға қуаныш, он нәтиже береді», - дейді ойшыл.

Басқаға басшылық ету әр адамның қолынан келе бермейтіндігін және *(түісті әрекетті жасауға)* басқарушы қабілет те әрбір адамда бола бермейтін қасиет екендігін, басқалардың айтқанын ғана істеуге қабілеті бар адам ешбір жағдайда басшы бола алмайтындығын, ондай адамдар барлық жағдайда тек басқа біреудің басшылығында болатындығына тоқтала отырып, ел басқаруды үлкен өнер деп бағалайды. Әл Фараби адам бойындағы тағы да бір өзіндік ерекшелік деп өзгеге өз айтқанын істете білетін адамдардың, яғни «басшылардың» басқару қабілетіне тоқталады.

«**Бақыт** дегеніміз - адам өзімен, басқа адамдармен және табиғатпен үйлесімді болған кездегі «теңдестірілген өмір». Бұл материалдық заттардың көптігімен берілмейді, бірақ өмірдің толықтығы - жаянандық жүйе табиғаты - адам - қоғамның ілгерілеуі үшін жағымды адами қасиеттерді дамыту және пайдалану болып табылады.

Әл Фараби басшылыққа бағынатын адамдарды қайырымды, абзал және бақытты адамдар деп санайды. Бұл адамдар халық болып құрылса, ондай халықты қайырымды халық деп, ал қоныстанып біріксе, қайырымды қала болып табылады деп көрсеткен. Бұл қайырымды қаланы билейтін басшылардың тілектері, максаттары

және оны іске асыру әрекеттерінің шынайы, бірінғай болуының арқасында нәтижеге ие болатындығын және олардың өз бетінше орынды деп тапқан іс-әрекеттері болса, басқару бағытын өзгерте алатындығын, ондай басшының заң бойынша нағыз билеуші болып табылатынын көрсетеді.

«Қала әкімінің ісі, яғни басшының ісі — қала бөлшектерінің өзара байланысын және өзара келісінмін орнататындай етіп қала басқару, оның тұрғындарының игілікке ие болумен бірге зұлымдықтың тамырын жою ісінде де біріне-бірі көмек көрсететіндей, тәртіп орнату және бақытқа жету үшін пайдасы тиетіннің бәрін сақтап, көбейтіп, зиян келтіретін нәрсені пайдалы етуге тырысып, пайдалы етуге болмайтын нәрсенің зиянын жоюға немесе азайтуға сәл де болса бағытталуы керек», - дейді.

Әл Фараби қала басшысының істейтін игі істеріне тоқталады. Олардың басқару ісінде келісімге келіп, тіл табысып, зұлымдықты пайдалы іске айналдырып, болмаған жағдайда зиянсыздандырып, адамдардың бір-біріне көмек көрсететіндей, бір-біріне қуаныш сыйлап, бақытқа бөлейтіндей етіп басқаруына тоқталады. Әл Фараби адам бойындағы өзі өмір сүрген ортаға жақсылық жасау қасиетін бағалай отырып, бұл қасиеттің басшының, бізше «тұлғаның» өн

Әл Фараби: «Бақыт — әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат»



бойында болу керектігін дәлелдейді. Игілікті істерді біліп қана қоймай, оны іс жүзіне асыруға әрекет жасау керектігін және оған бағыттап отырудың қажеттілігін басты мәселе етіп қозғайды. Басшы қала тұрғындарын бақытқа апаратын ең дұрыс жолға сілтеп, оған жеткізетін әрекетке талпындыруы тиіс.

Әрбір топ немесе әрбір халық бұл нәрселерді *(діни ұғым, пайымдау, адам жанының сауленуі т.б.)* өздеріне белгілі бағыт есебінде қабылдаған. Бақытқа сенетін адамдардың көпшілігі мұндай ұғымдарға, қиял елесіндегі бір нәрселер түрінде сенеді. Адамдар қабыл алатын, ереже тұтатын, сыйлайтын бастамалар туралы да осыны айтуға болады: адамдардың көпшілігі бұған ұғым түрінде емес, қиял елесіндегі нәрселер түрінде қабыл алады.

Әл Фарабидің түсінігінше, «Бақытқа ұғым түрінде сенетіндер және бастамаларды ұғым түріндегі бірдене деп қабыл алатындар, бұлар - даналар».

«*Бақыт — әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат екендігін атап көрсеткен әл Фараби бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады, ал ондай мүмкіндік қайырымды қала тұрғындарында көбірек болатындығын дәлелдейді. Әл Фараби басқаруды қайырымды және қайырымсыз деп екіге бөледі. Қайырымды, білімді, мәдениетті басқару халықты бақытқа бастайды, олардың іс-әрекетін, ерік-қасиетін осы жолға бағыттайды. Әл Фараби, «адамдар шынайы бақытқа тек қайырымды қалада ғана қолы жетеді» деп тұжырымдай келіп, Қайырымды қаланың келбетін аша түсу мақсатында адамдар қоғамдастығы шоғырланған қалаларды классификациялап бөледі. Қайырымды қалада алдарына іс-әрекеттің өзара жәрдем көрсете білу мақсатын қойған қоғамдастығы бар қала халқы ғана бақытқа жете алады.*

Әл Фараби шынайы бақыт жолында ынтымақтастық жолы ерекше дейді. Әл Фараби осы қоғамның өзіндік ерекшеліктерін, ондағы өмір сүру формаларын, басшылар бойындағы қасиеттерді, адамдардың мінез-құлқын, өзі өмір сүріп отырған қоғамның өзіндік ерекшелігін талдайды. «Пасықтық қаласы немесе пасықтық қоғам» деп көңіл көтеру, әзіл-қүлкі немесе осы кеуікем де айналысып, ішіп-жеу, ойнаса жасау арқылы сезім рахатына батуды мақсат тұтқан адамдардың қоғамын атайды, «надан қала» тұрғындарының бұл іс-әрекеттерін, арысдық пен пасықтықтарына қарсылық білдіреді. Бұл қаланың тұрғындары рахат өмір сүру, бақытқа жету жолын тәнінің немесе жанның рахатына қатысты пайдалы нәрселермен емес, ойнап-қулу, ішіп-жеумен ғана бақытқа жетуді көздейтіндігін сынаиды.

«Атақты адамдарға келетін болсақ, олардың пікірінше, атак бұрынғы ұрпақтарынан мирас болып қалған, олардың әкесі мен ата-бабалары бай болса немесе рахат өмірге кенелу үшін, оларда қымбат нәрселер, қаржы-қаражат мол болса, я болмаса, бөсеке-жарыстардан жеңіп шықса, осы нәрселерімен басқаларға пайдасын тигізген болса, бұл топ адамдарына немесе қаланың барлық тұрғындарына, өздерінің сұлулығымен, төзімділігімен және ажалдан қайымқпайтын айбатымен, яғни жеңіске жету қаруларымен көзге түскен болса, атақты болады», - дейді.

Адам бойындағы атактылық осылайша қалыптасатынын ұлы ғалым бізге сол кездегі адамдардың ой-түсінігімен, топшылауымен түсіндіруге тырысқан. Атак-абыройдың қалайша келетінін жіктей отырып, байлық-мансабымен қатар, басқаларға пайдасын тигізетін, өздерінің бойындағы жан сұлулығы мен төзімділігін, қайымқпайтын айбатын көрсете білетін адамдарды атақты адамдар қатарына жатқызады. Абырой құмар басшы байлыққа, мансапка қызықпай, өздерінің істеген игі істері үшін тек құрметтен басқа ешнәрсе талап етпейтін, өзі істеген игілікті істері үшін мадақтауды ғана талап ететін басшыларды айтқан. Әл Фарабидің пікірі бойынша, «Бақыттың игіліктер арасындағы орны сондай, адам бақытқа жетуі үшін оған жеткізетін әдістер мен заттар болғанын қалайды.

Әкімдердің осы қасиеттеріне орай «атаққұмар», «абыройқұмар» басшылар деп екіге бөліп қарастырған. Бақытты іздеу адамның өмірге

қарастыра отырып, жүйелендіре, нақтылай түседі. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету туралы» трактаттарында ол адам қоғамының шығуы, өмір сүру формалары, адамның мінез-құлқы, әділетті өкімінің бейнесі туралы ой толғайды. Ол ең әуелі өзі өмір сүріп отырған қоғамның құрылымын талдайды. Адамдар қауымының өмір сүру ортасы ретінде қала халқын алады. Қалаларды жік-жікке бөле келіп, ол кемел де үлгілі құрылым ретінде ізгі қаланы тандайды. Оған жақын келетін және тұрмыстық байланыстағы құрылым ретінде еңбекшілер тұратын «қажеттілік қаласы» деп атайды. Әл Фараби әрі қарай «алыс-беріс» қаласы саудагерлер мен алыпсатарлар мекені, «бақытсыздық пен бұзылғандық қаласы» *(ұры-қарылар, арапптамақтар кені)* деп бөліп ажыратады. Ізгі мемлекет *(қала)* туралы ілімін жасауда әл Фараби Платонға еліктеп, мемлекеттің әрбір мүшелерін белгілі бір қызметті атқаратын адам тәніне ұқсас етіп қарастырады.

Осыған сәйкестігі мемлекеттегі феодалдық құрылысы суреттеледі. Идеалистік түрде жақаурауып айтылғанмен, әл Фараби адамдар арасындағы теңсіздік, артық-кемшілік анық сезілетіндігіне тоқталған. Мысалы, халық мемлекеттің жүрегі саналғанымен, олар да күнкөріс қамын, қарекетін жасауға, ойлауға мәжбүр, ішіп-жеу, үйлену-тойлану т.б. Ол мұндай теңсіздікті, әділетсіздікті жоюдың бірден-бір жолын ағартушылық, адамгершілік қасиетін тәрбиелеуді күшейту деп қорытады.

Бақыт ұғымын Әл Фарабидің әлеуметтік мәдени негіздерінің өзегін құрап тұр. «Бұл феноменнің адам үшін құндылығы аса зор екендігі үнемі ескертіліп отырады». Бақыт мәселесін жан-жақты қарастырған ойшыл оның мынадай маңызды тұжырымдарын келтіреді: «ең үлкен игілік және ...оған адам ұмтылатын ең кемелді мақсат болып табылады», «бақыт адамға өз-өзімен және басқалармен үйлесімді өмір сүру үшін қажет», «бақыт бұл өзі үшін ғана ізделетін қайыр, жақсылық. Бақытқа жетуге көмектесетін ерікті әрекет — бұл әдемі әрекет. Оларды тудыратын адамгершіліктер мен әдеттер — бұл қайырымды нәрселер».

«Бақыт — әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат» екендігін атап көрсеткен әл Фараби бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады.

Әл Фараби «адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала қайырымды қала болып табылады, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық — қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын болса, бүкіл жер жүзі осылайша қайырымды мекен болмақ».

Бұл Әл Фарабидің адамзатты болашақ бақытқа жеткізу жөніндегі ең басты гуманистік принципі, халықтар достығы — ырыстың басы — ғұламаның түпкі ойы, имандай сыры, міне, осы қағидада жатыр. Басқаша айтқанда, адамдар бақыт жолында өзара көмек, достық, бейбітшілік қатынаста өмір сүруі керек. Осы бақыт тақырыбына орай, 2016 жылы Біріккен Араб Әмірлігінде, «Бақыт» министрлігі ашылған болатын. Ол министрліктің негізгі міндеті — мемлекеттік бағдарламалар мен саяси іс шаралар арқылы қоғамды бақыттырақ ете түсу. Сондай-ақ, «діни төзімділікті» өмірлік қоғамындағы басты құндылық ретінде дамыту, осы министрліктің құзыреттілігіне жатады. Бұл ерекше бастама да әл Фараби бабамыздың «бақыт» концептісінің әлеуметтік-мәдени негіздерімен тікелей ұштасатын идеяның заманауи жемісі.

Әл Фарабидің ғылыми мұрасы бүкіл әлемдік ғылым дамуына өлшеусіз үлес қосты. Әл Фарабидің шығармашылығының болмысы, шығыс пен батыстың өркениетін байланыстыратын рухани алтын көпірге айналды. Көрнекті ойшыл гуманист ретінде өз шығармашылығы арқылы антика және ислам әлемін біріктіре алды. Оның трактаттары реннессан дәуіріне Еуропадағы ғылымның дамуына, дүниетанымының қалыптасуына тікелей әсер етті. Иә, ғұлама ғалым, кезінде жауап беруге тырысқан, бақыт туралы, адамның жетілуі туралы сұрақтар қазіргі замандағы дамыған қоғам үшін де аса өзекті. Өзінің «қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы» трактатында ол мейірімді адамдар тұратын қаланың моделін жасалды. Әл мадини, әл фадилә әл Фараби әрбір тұрғыны бақытқа қол жеткізуге ұмтылған ізгі жандардың кемелденген қоғамы. Оның пікірінше, білім мен ізгілік ажырамаз бірікпеге болуы керек. Кемеңгер ұстаз «тек халықтардың бірігуі және өзара көмегі арқылы ғана бақытқа жетуге болады» дейді. Әл Фарабидің қайырымды қоғам туралы ілімі бүкіл адамзат үшін маңызды. Ол ұсынған өркениеттер арасындағы диалогпен әріптес қағидалармен түсіністікке келуге болады.

Ұлы адамдардың шығармашылығына зейін салып қарасақ, олар өз заманының озық перзенті ретінде өздері өмір сүрген дәуірдің айқындаушы бейнесі болып табылады. Қазақ даласы, Отырларда дүниеге келіп, түркілік дүниетанымын мүмкіндігін әлемге паш еткен Әбу Насыр әл Фараби адамзаттың кемелдікке деген үздіксіз ұмтылысын бейнелейді!

Әл Фараби идеяларының әлеуметтік мәдени негіздері, айтпағаны ой пікірлері осы күнгі өмір талабымен үндесіп жатқаны даусыз. Адам бойындағы, оның ішінде басшы бойындағы бұл қасиеттердің қазіргі басшыларға қойылатын талап екені анық. Адал болып, айналасындағы адамдарға жылылықтың нұрын шашып, бақыт сыйлап, бөліп-жармай, қарамағындағыларды тең ұстайтын, өз жұмысын жақсы білетін білімді әрі адал басшыларға қоғам әлі де зәру.

Болашағымыздың жарқын, қоғамымыздың «ізгілікті болуы» үшін шындық пен шыншыл адамдарды сүйетін адал қайырымды басшылар көп болса, ел де, қоғам да бақытты болмақ.

Пірімбек СҮЛЕЙМЕНОВ,
саяси ғылымдарының кандидаты, доцент,
Әл Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы





Пықыптың қаралып жүрген дәрігері өзімен түйдей құрдас болып шығып, оның үстіне ол да бұл секілді әзіл-қалжыңға бейім, бұл бір өзутартар айтса, ол да қарап қалмай қарымта қайтарады.

Әзілдері жарасып жүріп бұл оған: «Үйдегі құрдасыңа ғана оқытайын, маған бір «дүл-дүл диагноз» қойып, оған сәл-пәл түсініктеме жазып бересің бе?» деп еді, «Әлбетте! Құрдастан аяған қотыр сөз құрдымға кетсін» деп айдақ-сайдақ жазуымен сүйкей жөнелді. «Пықып Асабас «Еркениоз» ауыруына шалдыққан. «Еркениоз» — мидағы қан тамырларының тарылуынан болған кесел. Тамыр тарыла келе мүлде қабысып, ақыры миға қан құюлы қауіп бар... яғни жүйкесі жұқарған. Ауру артық сөзді көтермейді. Әсіресе, айқай-шудан әп-сәтте тонқалаң асыруы мүмкін. Тыныштық керек. Үнемі көңіл-күйі көтеріңкі жүргені абзал. Көңілді ортада болып, көңіл көтерер дүниелермен әуес болғаны жөн. Артық кетпей, күн аралата арақ-шараптан ауыз тигенінің пайдасы бар. Спирттің қан тамырларын қалыпта ұстап отыруы әлдеқашан дәлелденген».

Пықып бұл диагнозын келіншегі Бозымгүлге беріп еді, ол оны үн-түнсіз ежіктей оқып шыққан болды... Пыкескен оның бірдене демегеніне тәубе етті. Көп өтпей келіншегі алдына бір парак

«Бозымгүл Асабас «Тенгениоз» ауыруына шалдыққан. «Тенгениоз» — құрысқақ-тырысқақтың асқынған түрі, яғни нерв жүйесі жұқарған. Асып-тасып, айқай-шуға бейім тұратыны сондықтан. Ерсі

Дүл-аұл диагноз



қағазды сырғытқан болды. Үн-түнсіз үніліп еді, онда:

Берік САДЫР

ТАЛДАУ

Мақсат - аурудың алдын алу

Колумбия университеті жанындағы ICAP орталығы «Шеврон» компаниясымен серіктестікте және Қазақстан денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығымен бірлесіп, медициналық ұйымдарда инфекциялардың алдын алу және инфекциялық бақылау (ИПИБ) жағдайына сыртқы көшенді талдау жүргізеді.

31 тамыз бен 14 қазан аралығында Қазақстандағы госпитальдік эпидемиология саласындағы жетекші мамандар кешенді талдау жүргізеді. Елдегі ММСЖ қатысушылары болып табылатын барлық медициналық мекемелері тексеруден өтеді. Сарапшылар тобының әр мүшесі ДДСҰ инфекциялық бақылау, жағдайды талдау әдістемесі, этикалық түсінік, соның ішінде ақпараттандырылған келісім алу және талдауға қатысушылардың деректерін қорғау жөніндегі нұсқаулары бойынша оқудан өтті. Орталық Азиядағы Колумбия университетінің жанындағы ICAP директоры Анна Дерябина былай деді: «Инфекциялық бақылау медициналық қызметтің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін керек. COVID-19 пандемиясы кезінде инфекциялық бақылау жүйелерінің тиімділігі айрықша маңызға ие. Денсаулық сақтау министрлігінің бастамасымен инфекциялық бақылауға қатысты жағдайды талдау үшін біздің ұйым бүкіл Қазақстан бойынша 81 аурухананы, соның ішінде мемлекеттік стационарлар мен жекеменшік емханаларды, сондай-ақ аудандық деңгейдегі ауруханаларды іріктелді». Инфекция профилактикасы және инфекциялық бақылау — бұл пациенттер мен денсаулық сақтау саласы



қызметкерлерінің ауру жұқтырып алуына жол бермеуге бағытталған практикалық, ғылыми негізделген әдістеме.

Талдаудың мақсаты — инфекциялық бақылауды (соның ішінде COVID-19 пандемиясы жағдайында) жүйелі түрде жақсарту үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының әдістемесі бойынша қазіргі жағдайға баға беру.

«Шеврон» компаниясының өкілі Лейла Айтмұханованың айтуынша, денсаулық сақтау саласы компаниясының әлеуметтік инвестицияларының басты бағыттарының бірі болып отыр. «Біз әрқашан өмір сүру деңгейін жақсартуға ғана емес, сондай-ақ өзіміз жұмыс істейтін қоғамдастықтарға көмектесуге ұмтыламыз. Өткен жылы біз ICAP ұйымымен және денсаулық сақтау министрлігімен



шамамен 7 пайызы кем дегенде бір АИИ жұқтырады, ал дамушы елдерде бұл көрсеткіш 10 пайызға жетеді. Дегенмен инфекциялық бақылаудың тиімді тәжірибесін іске асыру арқылы ауруханашілік инфекциялардың алдын алуға болады.

Наргүл МЫРЗАХМЕТ

КИНО ӘАЕМІ

Мәриям Үзерли келе жатыр

5-6 қыркүйекте Бішкекте «Азия елдері телесериалдарының фестивалі» (Asian World Film Festival) өтеді. Оның ашылу салтанатына танымал актриса һәм продюсер Мәриям Үзерли келеді деп күтілуде. Мәриям Үзерли біздің көрерменге түріктің «Ғажайып ғасыр» сериалы арқылы жақсы таныс. Фильмде ол бас кейіпкер Хұррем Сұлтанның рөлін сомдады.

Дүниежүзілік Азия кинофестивалінің құрылтайшы кеңесінің құрамында, Мәриям Үзерлиден басқа, режиссерлер — Жан Марк Валле, Сергей Бодров (әке), актриса Люси Лью,



«Марвел» фильмінің кастинг директоры Сара Финн сияқты танымал тұлғалар бар. «Алтын Глобус» киносыялығын ұйымдастырушы шетел баспасөзі Голливуд қауымдастығы — бес жылдан бері осы фестивальдің серіктесі. Мәриям Үзерли Бішкекте өтетін «Телесериалдар фестиваліне» шақырғаны үшін алғысын білдіріп, соңғы кезде әлемге талай дарындарды паш еткен Орталық Азия республикаларын, соның ішінде Қазақстанды аралау үміті бар екенін жеткізді. Айта кетейік, Asian World Film Festival төрағасы болып 2019 жылы қазақстандық кәсіпкер-филантроп Шұхрат Ибрагимов сайланған болатын.

(Өз тілшіміз)



БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен жобасы

Жобаның мақсаты — мүмкіндігі шектеулі жандарды журналистика жанрларын меңгеріп, сауатты жазуға бейімдеу. Қазір журналистикаға құмар жандар компьютерлік сауаттылық, мөрзімді баспасөз, дизайн, тележурналистика бойынша деріс алып, тәжірибесін шыңдап жатыр. Курсқа қатысып, білімін шыңдап жүрген жанның бірі — Аман Данияров. Жаңалыққа жаны құмар Аман Базарбекұлы бос уақытында спортпен айналысқанды жақсы көреді. Оқырман назарына Аман Данияровтың биылғы Токиода өткен Олимпиада мен Паралимпиада туралы жазбасын ұсынып отырмыз.

Паралимпиадашылар жарады!



Мен кішкентайымнан спортқа құмар болып өстім. Әсіресе, боксты қатты ұнатамын. Бокстан әлемді үркіткен елдің бірі емеспіз бе? Ермахан Ыбырайымов, Мұхтархан Ділдебеков, Геннадий Головкин, Бекзат Саттарханов, Серік Сәпиев сынды батырларымыз дүбірлі долада топ жарып, еліміздің абыройын асқаттатты. Олардың әр кездесуін мұқият қарап, жанкүйер болып отыратынбыз. Осы жолы да Токиода өткен Олимпиадада боксшыларымыздың әр шайқасын қалт жібермей, жанкүйер болдым. Биыл бізге алтын бұйымаса да, спортшыларымыз қола медаль аркалап қайтты. Мейлі, жеңіс болсын, жеңіліс болсын, ар жағында қаншама еңбек, қаншама төгілген тер бар.

Ал біздің паралимпиадашыларымыз Токио Олимпиадасында тым тәуір нәтиже көрсетті. Қоржынымызда әзірге — бір алтын, үш күміс. Бұл да біздің осал ел емес екеніміздің дәлелі. Алтын иеленген спортшымыз пауэрлифтингтен ерлер арасындағы 54 келі салмақтағы жерлесіміз — Давид Дегтярев. Еліміздің туы көкке көтеріліп, әнұранымыз орындалды. Ал парализодышылар Зарина Байбатина, Әнуар Сариев, Дәулет Теміржан күміс жүлде иеленді. Бұл — біздің елімізде осы спорт түрінің қарқынды дамығанының дәлелі.

Спортшыларымыз жүлделі орын алу үшін барынша тырысты, бар күшін салды. Елімізді әлемге танытты. Қазір бізде спортпен айналысамын деген адамға барлық жағдай жасалған. Кез келген қалада, тіпті жеке меншік мекемелерде спортпен айналысуға мүмкіндік көп. Паралимпиада қатысушыларына тан қалатыным, барлық жерге үлгереді. Спортпен айналысуға да уақыт табады. Менің басты ойға түйенім — қандай жағдайда болсын, адам ең алдымен өзіне сенуі керек. Өзінің қарым-қабілетіне сенуі керек. Одан бөлек, спортпен шұғылданам десеңіз, өзіңіз сүйген спортқа адал болыңыз. Бастадыңыз ба, тастамаңыз. Мен де танертен тұрып, өзіме қажетті жаттығуларды жиі жасаймын. Таза ауада тыныстаймын. Бүгінде спорттың қай түрі болмасын, футбол, бокс, волейбол турнирі өтіп жатса, теледидардан аяғына дейін көруге тырысамын. Әсіресе, футбол өте қызық. Кейде ойын аяқталып қалған 1-2 минуттың ішінде гол кіріп, нәтиже өзгеріп кетуі мүмкін. Жалпы айтайын дегенім, Паралимпиада қатысушыларына ризамын. Ең бастысы, Қазақ елінің көк туы көкте желбіреді. Жүлделі спортшыларымыз көп болғай!

Аман ДАНИЯРОВ



Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы
Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі
Тілшілер мен қызметкерлер:
Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық
Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:
Байкен ҚӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)
Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)
Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)
Мәриям АЙТБАЙ — Шымкент қаласы
Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы
Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)
Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС
Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат (Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)
Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2277;
Бағасы келісім бойынша
Апталық таралым — 5000 дана
Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Ай-Астана» әуежайының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 күзегін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.